

БІР МӘЗҢАБ ҰСТАНУ – БІРЛІГІМІЗДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Қазақ халқы ежелден ынтымақ пен бірлік ұғымына ерекше мән беріп келеді. Бабаларымыздан қалған «Бөлінгенді бөрі жейді» деген даналық сөз біз және келешек ұрпағымыз үшін қиямет күніне дейін өзекті болмақ. Ел мұсылмандарына Ислам дінінің әһлі-сүннет жолымен жүрген халқымыз үшін сан ғасырдан бері діни салт-жоралғысына бағдар болып келе жатқан Әбу Ханифа мәзһабын ұстанудың маңызы айрықша.

Ұлағатты ұлт ағартушысы Ыбырай Алтынсарин бабамыз өзінің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегінде: «Мужтаһид ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиғи, имам Ахмад ибн Ханбал. Бұл төртеуі шариғат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді. Біз ол төрт имамның ішінде имам Ағзам мәзһабында боламыз, яғни имам Ағзамның үйреткен шариғаты бойынша іс етеміз», – деп жазған екен.

Мұндағы Имам Ағзам деп отырғаны – Әбу Ханифа мәзһабының негізін қалаушы атақты табиғи ғалым Нұғман ибн Сәбит (Алла оны рақымына алсын). Көпке Әбу Ханифа есімімен танымал ғалымның әкесі Сәбиттің үйленгенге дейінгі оқиғасын, ғалымның балалық шағындағы зеректігі халыққа ғибрат ретінде имамдарымыздың уағыздарында жиі айтылып жүр. Имам Ағзам Әбу Ханифа әуелі кәләм, яғни, ақида ілімімен айналысып, үлкен мәрте-

беге ие болған. Адасқан топтармен пікір таластырып, олардың қателескен тұстарын дәлелдеген. Ғалымның «Фикһ әл-әкбар», «Фикһ әл-әбсат», «Әл-ғалим уәл-мутағаллим», «Әл-уасия» сынды еңбектері қалған.

Кейіннен Имам Әбу Ханифа фикһ саласына ауысты. Ал Имам Матуриди өз заманында имам Әбу Ханифаның қалаған негіздеріне сүйеніп, ақида ілімінің ары қарай дамуына үлкен үлес қосты. Имам Әбу Ханифа дүниеден өткеннен кейін оның өмір сүрген дәуірінде болмаған кейбір адасқан топтар шығып, мұсылман жамағаты арасында өздерінің жалған пікірлерін таратты. Осы уақытта Имам Әбу Мансур Матуриди Имам Әбу Ханифаның ақида саласында ұстанған негізін басшылыққа ала отырып, өз еңбектерінде жалған топтардың қателіктерін айтып, адасқан тұстарын дәлелдеген. Әлемдегі Ханафи мәзһабын ұстаушылар фикһ саласында Имам Ағзам Әбу Ханифаға, ал ақидада имам Имам Матуридиге сүйенетіні осыдан.

Алла Тағала ерекше зейін мен сарқылмас білім нәсіп еткен Имам Ағзам және оның шәкірттері салған сара жол, яғни Әбу Ханифа мәзһабы толықтай Құран мен сүннетке негізделген. Ел арасында діни алауыздықты өршітіп, «Құран мен сүннетке сүйенесің бе, әлде мәзһабпен жүресің бе?» деп асыл дініміз жайлы енді ғана біліп келе жатқан жандарды әрі-сәрі күйге түсірушілер азаймай тұр. Бұл ретте діни сұрақтарды көрінген көк аттыдан емес, елімізде Қазақстан мұсылмандары діни

«ISLAM AGAINST EXTREMISM»

International scientifically educational
conference

Atyrau city, February 22, 2024



басқармасына қарасты мешіттерде имамдарымыздан сұрап, білікті ұстаздардан білім алуға шақырамыз.

Жоғарыда Ыбырай атамның сөзінде айтылғандай қазіргі таңда әһлі-сүннет жолын ұстанған Ислам әлемі мойындайтын төрт мәзһаб бар. Соның ішінде бабаларымыз Ислам дінін қабылдаған кезеңнен бастап қазақ даласында күні бүгінге дейін мұсылмандар Әбу Ханифа мәзһабын ұстанып келеді. Маңыздысы, мәзһабты бөліну деп емес, әркім «өзім білемге» салынбай, Құран мен сүннетті өзінің түсінуімен, яғни шарият амалдарына өз бетінше амал етпес үшін бір жолды ұстану деп ұғынған жөн. Ал мұсылман жамағатының бірлікте болуына бір мәзһабты ұстануы ерекше ықпал етеді.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: **«Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер»** («Әли Имран» сүресі, 103-аят) деп мұсылмандарды бөлінуден сақтанып, бірлікке шақырады. Бұл ретте мұсылмандарға «Мәзһабпен



Имам Ағзам Әбу Ханифа әуелі кәләм, яғни, ақида ілімімен айналысып, үлкен мәртебеге ие болған. Адамдармен пікірталастырып, олардың қателескен тұстарын дәлелдеген. Ғалымның «Фикһ әл-әкбар», «Фикһ әл-әбсат», «Әл-ғалим уәл-мутағаллим», «Әл-уасия» сынды еңбектері қалған.



жүресің бе, әлде Құран және сүннетпен жүресің бе?» деген құйтырғы сұрақ қою әсте дұрыс емес. Мысырлық ғалым Мұхаммад Ғазали (1917-1996) бір сөзінде: «Менен бір адам «Пайғамбарымызға ересің бе, әлде Әбу Ханифаға ересің бе?» – деп сұраған кезде, оның сұрағына еріксіз күліп былай деуші едім: «Пайғамбарымыздың сөзіне Әбу Ханифаның түсіндіргені бойынша еремін. Әбу Ханифаның қадірлі болуы өзінің жеке басынан туындаған

нәрсе емес. Тек оның айналысқан діни ғылымына және Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалдырған жолмен жүруіне ғана байланысты», – деген екен. Демек, мәзһабтарды қалыптастырған мүжтаһид ғалымдардың бір де біреуі ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жолынан айнымаған.

Құран Кәрім мен хадистердің ішінде ауыспалы мағынадағы, сондай-ақ қандай жағдайға байланысты уахи етіліп немесе айтылғанын анықтау қажет мәтіндер бар. Яғни, Құран аятын оқи сала сөзбе-сөз түсіну үшін үлкен білім керек. Бұған қатысты Хақ Тағала «Нахыл» сүресінің 43-аятында: **«Білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»** деп бұйырған. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір сүрген заманға жақын уақытта ғұмыр кешкен Әбу Ханифа сынды мүжтаһид ғалымдардың діни біліміне, зерттеу-тұжырымдарына әрбір қарапайым мұсылман мұқтаж екені айдан анық. Оның

үстіне нақты ғылымдарда, мәселен, математика саласында есепті шығару үшін белгілі бір формулаларға сүйенетіні мәлім. Ал қолданыстағы формулалардың пайда болғанына көп ғасыр өткен, яғни оларды бұрынғы ғалымдар ойлап тапқан. Енді ол формулаларды қолданбаймын деген адам жаңасын ойлап табуы қажет болады. Сол секілді қазіргі уақытта ел мұсылмандарын сан ғасырдан бері бірлікте ұстап, ынтымаққа ұйытып келе жатқан Әбу Ханифа мәзһабынан бас тартып, «жаңалық ашудың» қажеті шамалы.

Мемлекет басшысы, қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет» деп ерекше атап өткен болатын. Президент дүниеге ақыл-парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам өркениетінің қайта өрлеуіне жол ашқанын, сондай-ақ

біздің даламызда өнер-ғылымның өркендеуіне және Әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдардың тарих саңасына шығуына ықпал еткенін де еске салған болатын.

35 жылдық тарихы бар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да Әбу Ханифа мәзһабын ұдайы насихаттап келеді. ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесі заманға сай пәтуаларды шығаруда, сонымен қатар Шариғат және пәтуа бөлімі жамағаттың діни сауалдарына жауап беруде міндетті түрде Ханафи мәзһабына сүйенеді.

Қазіргі таңда ашық дереккөздерде Ханафи мәзһабын ұстанушы мұсылмандардың саны 750 миллионнан асатыны және олар әлемнің 197 мемлекетінде өмір сүріп жатқаны айтылып жүр. Мұсылман әлемінің тең жартысын қамтыған бұл мәзһаб қазақ халқына кеше келген таңсық ілім емес. Бұған дейін айтқанымыздай, парасат-пайымға негізделген Әбу Ханифа мәзһабын ата-бабаларымыз да ұстанып ғұмыр кешті. Халқымыз қандай қиын кезеңдерді бастан өткерсе де, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз да бабалар ұстанған жолмен біте-қайнасып, бүгінгі күнге аман-есен жетіп отыр. Миллиардтаған адам арасындағы

аз ғана елімізді жік-жікке бөлмей, бір мәзһабты ұстанғанымыз абзал. Өйткені, бөліну қоғамды бұзады, адамдарды бір-біріне жеккөрінішті етеді.

Имам Бұхари мен Мұслимнен жеткен хадисте Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңе көреалмаушылық қылмаңдар, бір-біріңнен теріс айналмаңдар! Уа, Алланың құлдары! Бір-біріңе бауыр болыңдар!»** – деп үмбетін бауырмалдыққа, ынтымақ-бірлікке шақырғанын естен шығармайық. «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» демекші, дәл қазір дін мен дәстүрге, сенім мен ғұрыпқа түрлі шабуыл жасалып жатқан дәуірде екенімізді ұмытпай, ұлылардан аманат болып қалған мұсылманшылық мектебімізге берік болайық. Қасиетті Құран Кәрімдегі **«Міне барлығың сенімі ортақ бір үмбетсіңдер. Ал Мен Раббыларыңмын. Ендеше Маған ғана құлшылық етіңдер»** («Әнбия» сүресі, 92-аят) деген аятты басшылыққа алып, ұлт пен үмбеттің қамына жұмыс істейік.

Алла Тағала халқымызды діни алауыздықтан сақтап, ырыс-ынтымағымызды, береке-бірлігімізді ұзағынан еткей. Әмин!





АЛҒАШҚЫ АДАСҚАН АҒЫМДАР

Ислам тарихында алғашқы адасқан ағымдар Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеден өткенінен кейін, төртінші халифа Әли ибн Әбу Тәліптің (оған Алла разы болсын) халифалық кезеңінде пайда бола бастады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзара түсінбеушілік пен түрлі себептерге байланысты мұсылман үмбеттің болашақта түрлі ағымдарға бөлінетінін алдын ала айтып кеткен. Бір хадисінде: **«Яхудилер жетпіс бір топқа, христиандар жетпіс екі топқа бөлінді. Ал менің үмбетім жетпіс үш топқа бөлінеді...»**, – деген (Әбу Дәуіт).

Тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне мынадай өсиет қалдырған: **«Шын мәнінде менен**

кейін өмір сүргендерің көптеген қайшылықтар (ихтиләф) көресіңдер. Сол кезде менің сүннетімді және тура жолмен жүрген әділетті халифалардың сүннетін ұстаныңдар. Оған бекем жабысыңдар. Бидғаттан сақ болыңдар, өйткені әрбір бидғат – адасу» (Әбу Дәуіт, 4607).

Осындай ескертулерге қарамастан, Ислам үмбетінің ішіндегі алғашқы ірі саяси және діни алауыздық үшінші халифа Осман ибн Аффанның (оған Алла разы болсын) қастандықпен өлтірілуінен

кейін өрши түсті. Осман ибн Аффан (оған Алла разы болсын) өлтірілгеннен кейін, халифалыққа Әли ибн Әбу Тәліп (оған Алла разы болсын) сайланды. Алайда, Шам өлкесінің басшысы Мағауия ибн Әбу Суфиян (оған Алла разы болсын) Әлидің халифалығын мойындамай, Османның (оған Алла разы болсын) өліміне қатысты әділдік орнамайынша бағынудан бас тартты. Әли (оған Алла разы болсын) бейбіт жолмен мәселені шешу үшін Сирия жеріне барады. Алайда екі тарап келісімге келе алмай Сыффин жазығында Ислам тарихындағы ең күрделі шайқастардың біріне – Сыффин соғысына алып келді. Ақыры бірнеше күнге созылған шайқастан кейін, Мағауия және оның жақтастары бұл соғыста жеңіліп қалуына көздері жетіп, Мағауияның ұсынысымен екі жақтан төреші шығарып, солардың шешіміне жүгінетін болып келіседі. Алайда, бұл шешімге наразы болған бір топ: «Сен Алланың кітабынан бет бұрып, адамдарды төреші еттің. Сен күпірлікке түстің! Тәубе ет!» – деп, Әлиге (оған Алла разы болсын) қарсы шықты. Ақыры бұл топ өз алдына жаңа бір жолға бет бұрып, Әлиден бөлініп кетеді.

Осы бір саяси даудан басталған қақтығыстың нәтижесі үлкен үш діни топтың тарих сахнасына шығуына себеп болды.

1) Хауариж: Бұлар төртінші халифа Әли ибн Әбу Тәліптің (Алла оған разы болсын) мұсылмандар арасындағы қарама-қайшылыққа орай берген шешіміне разы болмай бөлініп шыққандықтан «Хауариж – шығушылар» деп аталды. Сол уақытта мұсылмандардың орталығы Куфа қаласында еді. Кейін олар бұл шаһарды тастап сол маңдағы Харура деген елдімекенге орнығады. Осы жерде тұрақтағанына байланысты «Харурия» деп те аталады.

Хауариждердің негізгі сенім-ұстанымдарының кейбірі:

1 Әлидің (оған Алла разы болсын) басшылығы Мағауия мен оның арасына үкім бергенше дұрыс. Үкім беруде қателескен кезде Оны және үкім бергендерді күпірлікке шығарды. Сонымен қатар «Жамәл» оқиғасына қатысқандарды да күпірлікте айыптап, тіл тигізді.

2 Үлкен күнә жасаған мұсылман – кәпір. Олардың түсінігінде, кімде-кім Алланың бұйрықтарына қайшы келіп, күнә жасаса – ол Ислам дінінен шығады дейді.

3 Ғибадат – иманның бөлшегі, онсыз иман болмайды. Жүреппен сеніп, тілмен айту иман емес, міндетті түрде ғибадат керек. Ғибадатсыз иман жоқ деп есептейді.

Міне осы хауариждердің жалпы ұстанған негіздерінің кейбірі. Бұл топтың өзі бірнеше топқа бөлінді. Олардың шектен шыққандары да бар. Шектен шыққандары хақ жолдан ауытқып, өздерінің ұстанған негіздерімен Ислам міллетінен шығып кетті. Мысалы, «әл-иәзидия» деген тобы арабтардан емес басқа бір пайғамбар келіп Құранның үкімін жоятын кітаппен түседі деп сенеді.



«Шын мәнінде менен кейін өмір сүргендерің көптеген қайшылықтар (ихтиләф) көресіңдер. Сол кезде менің сүннетімді және тура жолмен жүрген әділетті халифалардың сүннетін ұстаныңдар. Оған бекем жабысыңдар. Бидғаттан сақ болыңдар, өйткені әрбір бидғат – адасу» (Әбу Дәуіт, 4607).



2) Шиға: «Шиға» сөзі тілдік мағынасы жағынан араб тілінде «жақтастар», «жәрдемшілер» деген ұғымды білдіреді. Ал діни термин ретінде басында Әли бин Әбу Тәліпті (Алла оған разы болсын) басшылыққа лайық, әрі имамдық осы ұрпаққа ғана берілуі керек, басқалардың басшылыққа келуі әділетсіздік, зұлымдық деп есептегендердің жолын білдіреді. Шиғалар мұсылмандардың бірауыздан келісіп шешкен (шурамен болған) істің дұрыс еместігін айтып қарсы шығады. Шиғалардың бірлігі кетіп бірнешеге бөлінгенімен олардың көбісінің ұстанған негізі бір келеді.

Жалпы шиғалардың ұстанымы:

1 Имамдық – діннің рүкіні. Шиға түсінігінде имамдық – жай бір саяси басшылық емес, Ислам дінінің негізгі рүкіндерінің бірі болып саналады. Олардың сенімінше, имамдықты адамдардың таңдауы мен көзқарасына қалдыруға болмайды. Олар үшін имам үлкен-кіші күнәдан пәк (ма'сум) болған тұлға.

2 Шиғалар Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінен кейін халифа ретінде Әли ибн Әбу Тәліпті (оған Алла разы болсын) тағайындағанына сенеді. Олар бұл ұстанымдарын Құран мен хадистерге сүйене отырып, өзіндік тәуил (түсіндіру) арқылы дәлелдеуге тырысады. Олардың айтуынша, Әлидің имамдығы халықтың сайлауымен емес, шариғи наспен бекітілген.

3 Дүниеде де ақыретте де Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кейінгі абзал адам Әли дейді.

4 Тақия (жасыру): Шиғалық түсінікте тақия – дінді сақтау, қауіп-қатерден қорғану үшін

сенімін жасыруға рұқсат етілетін амал. Олар бұл қағиданы сенім жүйесінің өзегіне айналдырып, тіпті: «Тақиясы жоқтың діні де жоқ» – деген.

5 Өздерінің негізгі ұстанымдарына имам ішкі де, сыртқы да нәрселерді біледі деген негізді де қосқан.

Шиғалардың бәрі бір дәрежеде емес. Іштерінде орта жолды ұстанатыны болғанындай, шектен шыққандары да бар. Орта жолды ұстанатындары Әлиді басқа сахабалардан артық деп санайды, бірақ оларды күпірлікпен айыптамайды, Әлиді пайғамбар немесе тәңір дәрежесіне көтермейді. Ал шектен шыққандары – Әлиді барлық сахабалардан абзал дей отырып, оны пайғамбар дәрежесіне дейін көтереді. Кейбірі құдай дәрежесіне дейін көтереді.

3) Муржия: «Муржия» сөзі араб тілінде «кейінге қалдыру», «кешіктіру» деген мағына білдіреді. Бұл ағымның атауы – олар күнә жасаған мұсылманның ақырғы үкімін Алланың еркіне тапсырып, кейінге қалдырамыз деген сенімнен туындаған. Муржия ағымы адамдарды күнә себепті күпірлікке шығарудан бой тартқанымен, амалдың иманмен байланысын үзіп жіберу арқылы басқа бір шектен шығушылыққа ұрынды.

Олардың негізгі ұстанымдары:

1 Иман – тек тілмен айту. Иман келтіру тек тілмен айтумен жүзеге асады, ізгі амал керек емес деп, амал етуді парыз деп санамайды.

2 Күнә – иманға әсер етпейді. Иманы бар кісі күнә жасаса күнә зиянын тигізбейді дейді. Тіпті: «Күпірлікпен құлшылық етуің де пайда бермейтіні сияқты, иманмен күнә жасау зиянын тигізбейді», – деген. Муржия ағымы да өз іштерінен бірнеше топқа бөлініп кеткен.

Қорыта айтқанда, саяси қақтығыстардан, Құран мен сүннетті дұрыс түсінбеушіліктен, шектен шығушылықтан, грек философиясы мен өзге мәдениеттердің әсерінен хауариж, шиға, муржия, қадария, жабрия, муғтазила, тағы сол сияқты ағымдар пайда болып, Ислам үмбетінің бірлігіне сызат түсірді.

Сондықтан әрбір мұсылман адам шынайы білім мен ізгілікке ұмтылып, нәпсінің жетегіне ермей, Алладан тура жолды сұрауы қажет. Үмбет ішінде бүлік туғызудан, жік-жікке бөлінуден аулақ болып, бірлік пен сабыр жолын ұстануы қажет.

Алла Тағала елімізге амандық, тыныштық, береке-бірлік нәсіп етсін!

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ





ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ӘҢЛІ-СҮННЕТ СЕНІМІ



Қазақ халқының ел болып қалыптасуымен қатар рухани өмірінде де Ислам дінінің алар орны ерекше. Ғалымдардың айтуынша Ислам діні VIII ғасырдан бастап түркі даласына енген дейді. Ислам халқымыздың табиғатына жақын болғандықтан аз ғана уақыт ішінде ұлттық болмысымен біте қайнасып, оның салт-дәстүрімен үйлесімді түрде дамып, елдің ажырамас бөлігіне айналды. Сондай-ақ сол заманда өмір сүрген ұлы ғалымдар мен ел келешегіне бей-жай қарамаған тұлғалардың жасаған еңбектері хақ діннің дамуына ерекше серпін берді. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың діни-танымдық болмысы исламның сунниттік бағытындағы яғни әһлі-сүннет уәл-жамағат мәзһабымен тығыз байланыста.



Ислам тарихшыларының келтірген деректерінде Омардың (оған Алла разы болсын) халифалық дәуірінде мұсылмандардың Мәуәранның келіп, кері қайтқандығы айтылады. Айтпағымыз, Дешті қыпшақ даласы сол кезден бастап-ақ Ислам дінімен таныса бастаған.

Әһлі-сүннет уәл-жамағат дегеніміз – Ислам дінінің негізгі тұғыры әрі ең кең тараған, дәлірек айтқан-

да Ислам әлеміндегі мұсылмандардың 92,5 пайызы ұстанатын сенім бағыты. Мұндағы «әһлі-сүннет» сөзі Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннет жолы мен хадистеріне, ал, «жамағат» сөзі сахабалар мен оларға ерген мұсылман қауымының соңынан жүру дегенді білдіреді. Жалпы бұл ұғым Ислам тарихында дініміздің бастапқы дәуірінен кейін, екі ғасыр ішінде көрініс

тапқан түрлі саяси және діни бөлінулерге қарсы жауап ретінде пайда болған. Умеялардың 10-шы халифасы Хишам ибн Абдулмаликтің (724–743) билігі кезінде исламның ақида, фиқһ мәселелерін бірізділікке түсіру қолға алынып, бұл үдеріс Аббаси халифаты тұсында одан әрі жетілдірілді. Сүйтіп, Умея халифатының соңғы жылдары мен Аббаси халифатының алғашқы ғасырында Ислам ақидасы түрлі ағымдармен пікірталасқа түсе отырып, әһлі-сүннет уәл-жамағат жолы айқындалып, сенім мен шарифаттағы негіздер нақты жүйелене бастады. Дәл осы уақыт – Ислам әлемінде әһлі-сүннет сенімінің негізі қаланып, біртұтас жүйеге келтіріле бастаған кезең мен Ислам дінінің қазақ даласына енуі VIII ғасырда, яғни Талас шайқасы (751 ж.) кезіне тұспа-тұс келеді. Осы тарихи тұтастыққа назар аударар болсақ, исламның қазақ даласына келуі мен әһлі-сүннет сенімінің қалыптасуы бір дәуірге сәйкес келеді. Талас шайқасы арқылы Ислам діні енген кезде, мұсылман қауымдастығында ақида саласы бойынша сенім негіздері нақтыланып, бүлік пен адасушылықтан сақтайтын нақты жол – әһлі-сүннет уәл-жамағат сенімі бекітіліп жатқан еді. Мұндай тарихи үндестік қазақ даласына алғаш келген Ислам дінінің радикал емес, байсалды әрі орта жолды ұстанған

сенім жүйесімен қатар келуін қамтамасыз етті. Сондықтан да түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы да, алғашқы кезеңнен бастап Ислам дінін ханафи мәзһабындағы фиқһы мен Матуриди сенім жүйесін негізінде қабылдады. Ислам діні қазақ даласына келгеннен кейін Қараханидтер тұсында мешіт, медресе, кітапхана, діни орталықтар салынып, Ислам мәдениеті мен ғылымы қарқынды дамыды. Қазақ даласы Ислам дінін қабылдап қана қоймай бұл діннің өкениет діні екендігін паш етуге үлес қосты. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фараби (870–950 жж.) Ислам философиясын дамытып, ақыл мен иман үйлесімділігін көрсетті. Оның «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегі Ислам қоғамының мінсіз моделін жан-жақты түсіндіріп, сипаттады.

Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) «Құтты білік» атты еңбегінде исламдық-моральдық тәрбие, билік пен әділет мәселесін қозғады. Оның шығармасында иман, ақыл, ғылым ұғымдары басты рухани құндылық ретінде көрсетілген.

XI–XII ғасырларда өмір сүрген ҚожаАхметЯсауиИсламдінінтүркілік дүниетаныммен үйлестіріп, сопылық жолды (тасаууф) түркі халқының рухани өмірінің өзегіне айналдырды. Ясауи ілімі Ислам дінін жүрекпен тануға, рухани тазаруға үндеді.

Әһлі-сүннет уәл-жамағат дегеніміз – Ислам дінінің негізгі тұғыры әрі ең кең тараған, дәлірек айтқанда Ислам әлеміндегі мұсылмандардың 92,5 пайызы ұстанатын сенім бағыты. Мұндағы «әһлі-сүннет» сөзі Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннет жолы мен хадистеріне, ал, «жамағат» сөзі сахабалар мен оларға ерген мұсылман қауымының соңынан жүру дегенді білдіреді.



Оның «Диуани Хикмет» атты шығармасы ғасырлар бойы түркі мұсылмандарына жол көрсетуші рухани кітап болып келді. Бұл ілім кейінгі кезеңдердегі қазақ даласындағы сопылық, діни-философиялық танымның негізіне айналды.

Саид Хусейн ибн Али ас-Сығанақи (XIII–XIV ғғ.) – ханафи мәзһабының көрнекті фикһ ғұламасы, Орта Азия мен Қазақ даласында кең тараған Ислам құқықтық мектептің өкілі. Оның «Ан-Натоиж әл-Фикһия» және басқа да еңбектері ислам құқықтық танымын түркілік түсінікпен ұштастырған. Сығанақи еңбектері медреселерде оқулық ретінде қолданылған және сол дәуірдің фикһ жүйесін қалыптастыруда үлкен рөл атқарған.

Қауам ад-дин әл-Итқани (XIV ғ.) – түркі текті ислам ғалымы, Мәуреннахр мен Дешті Қыпшақ аймақтарында кең танымал болған. Ол ханафи мәзһабының беделді фақиһы, әрі әл-Мансури атты фикһ еңбегінің авторы. Итқани шығармалары исламның құқықтық жүйесін жүйелеуге, қазақ даласындағы ислам білімін тереңдетуге ықпал етті.

Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри секілді ғалымдар Ислам шеңберіндегі тарихи-мәдени мұраларды жазып қалдырды. Бұл ғалымдар әһлі-сүннет уәл-жамағат сенімін ұстанып, исламды қоғам өмірімен үйлесімді етті. Олар ақыл мен дінді қатар қолдану қажеттігін атап өтті.

Бұл ғалымдардың барлығы Ислам дінін тек құлшылық жүйесі ретінде емес, ғылыми, құқықтық, философиялық және рухани ілім ретінде қарастырды. Олардың еңбектері арқылы қазақ даласында Ислам өркениетінің қуатты іргетасы қаланды.

Әһлі-сүннет сенімінің негізгі сипаттары мыналар:

- ◆ Алла Тағаланың бар және бір екеніне, сипаттарына қатысты Құран мен сүннетке негізделген түсінік;
- ◆ Пайғамбарлардың адамзатқа жіберілген Алланың елшілері екендігін мойындау;
- ◆ Құран мен хадистерге сүйеніп, ақыл мен нақылды үйлесімді қолдану;
- ◆ Имандылық, тақуалық, әділдік, ұстамдылық, ынтымақ секілді рухани құндылықтарды ұстану;
- ◆ Бидғат пен адасушылықтан сақтану.

Әһлі-сүннет бағытының басты ерекшеліктері мынадай:

- 1 Теңгерімділік пен ұстамдылық – әһлі-сүннет ақидасында шектен шығушылық немесе бір-

жақтылық болмайды. Бұл бағыт ақыл мен нақылды үйлестіре отырып, діни тұжырымдарда орта жолды ұстанады.

- 2 Саяси тартыстан бойын аулақ ұстау – әһлі-сүннет бағыты сенімді саяси күрестен бөлек ұстап, діни тұтастық пен қоғам бірлігін жоғары қояды.
- 3 Бидғат пен такфирден аулақ болу – өзге мұсылмандарды адасушы немесе кәпір деп айыптаудан тартынады. Такфиршілдік идеологияны қабылдамайды.
- 4 Ижма мен қиясқа сүйену – дін ғалымдарының бір ауыздан келісіп бекіткен үкімдерін (ижма), сондай-ақ ұқсас жағдайдан үкім шығару тәсілін (қияс) таниды.
- 5 Фикһтық мектептермен сабақтастығы – әһлі-сүннет бағыты фикһта төрт мәзһабпен (ханафи, шафиғи, малики, ханбали) сабақтастықта дамыған.

Қазақ жеріндегі әһлі-сүннет сенімі

Ислам діні қазақ даласына келгеннен кейін, тек діни наным ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық, саяси және рухани тұрақтылықтың тірегі болды. Қазақ даласына Ислам ғылымы, сопылық ілім, ақида, фикһ (шариғат ілімдері) келді. Орта ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген көптеген Ислам ғұламалары дінді таратып қана қоймай, оны ғылыми-танымдық деңгейде дамытты.

Исламмен үйлескен салт-дәстүрлер:

- ◆ Бата беру – Алладан тілек тілеу, бұл – дұға жасаудың ұлттық үлгісі.
 - ◆ Ас беру, жеті шелпек пісіру – марқұмдарға дұға бағыштау, Құран оқыту – исламдағы сүннет амал.
 - ◆ Наурыз мерекесіндегі тазалық, жасы үлкенге иілу, ренжіскендерді татуластыру – исламдағы кешірімділік пен ағайынгершілік ұстанымдарына сай келеді.
 - ◆ Сүндеттеу, құдалық, неке қию, өлікті арулау, жеті атаға дейін қыз алыспау – исламмен үйлесімді және шариғатқа қайшы емес тәжірибелер.
- Кейінгі қазақ хандары да, би-шешендер де (Әз-Тәуке, Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би) әһлі-сүннет сенімі негізіндегі шариғат пен салтты қатар ұстанып, ел ішінде әділет орната білді.
- Осылайша, қазақтың рухани болмысы мен дәстүрлі дүниетанымы – әһлі-сүннет сенімімен тығыз байланыста қалыптасты. Бұл сенім ел ішіндегі бірлік пен тұрақтылықтың негізі болып қала берді.

Әбдімүтәліп ДӘУРЕНБЕКОВ,
РАНТ мүшесі



ИСЛАМОФОБИЯ ЖӘНЕ ДІНИ ФАНАТИЗМ – ЕКІ ҚАУІПТІ ҮРДІС

Ислам – атауының өзі бейбітшілік діні дегенді білдіреді. Адамзат үшін Жаратқанның сөзі саналған – Құран Кәрім барша адамзатты әділдік, мейірім, рақым мен кішіпейілдік, сыйластық пен татулыққа үндейді. Бұл туралы Қасиетті Құранда: «Бүгін діндеріңді кәміл еттім, нығметімді тәмамдадым және сендерге дін ретінде Исламды бекіттім...» деген («Мәида» сүресі, 3-аят).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде: **«Кімде-кім таңертең оянып, жанұясының аман-есен, дені сау және сол күнгі рызық-несібесін көретін болса, онда дүниенің барлық нығметтері бар екенін білсін»** деп бейбітшілік пен тыныштықтың мәнін ұқтырған. (Тирмизи, Ибн Мәжа). Алайда, Ислам дінін дұрыс түсінбегендіктен әлеуметтік желілерде асыл дінімізді бұзақылық әрекеттердің бастауы етіп көрсеткісі келетін ақпараттық шабуылдар күшейіп жатқаны жасырын емес. Мұндай жалған ақпараттар, кейбір дүниетанымы таяз, ой-өрісі тар болған жастарымызды елітіп, Исламның шынайы мақсатынан алыстатып, идеологиялық тұрғыдан манипуляцияға ұшыратуда.

Мұндай жалған идеялардың қаупі жайлы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет» деп атап өткен болатын.

Бүгінгі ғаламтор желілерінде кең тараған, мемлекет пен қоғам тұрақтылығына қауіп төндіретін үрдістердің алдыңғы қатарында исламофобия мен діни фанатизм үрдісі жайғасқан.

Исламофобия деген не?

Исламофобия – Ислам дініне және мұсылмандарға деген жағымсыз пікір мен жек көрушілікті, теріс көзқарасты, өшпенділік пен дұшпандықты т.б теріс көңіл күйлер мен теріс пікірлерден туындаған жеккөрушілік идеялардың жиынтығы. Мұндай идеялар Ислам діні мен мұсылмандарды әлемге төнген апат пен қауіптің, лаңкестіктің көзі ретінде көрсетуге тырысады.

Исламофобия терминін алғаш рет 1918 жылы француз шығыстанушы Этен Дине (Dinet) «Шығыс Батыстың көзімен» атты эссесінде батыстық державалардың мұсылман қауымын отарлау кезіндегі шектен шыққан саяси әрекетін сынау үшін қолданған.

Бүгінгі таңда исламофобия – әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған ең үлкен проблемалардың біріне айналды. Оның зардаптары тек мұсылман қауымына ғана емес, бүкіл әлемге, халықаралық қатынастарға зиянын тигізуде. Исламофобиялық үрдіс әсерінен түрлі ұлт пен дін өкілдері бір-бірінен алшақтап, қоғамда өшпенділік артып, тыныштық бұзылады.

Осыған орай 2022 жылдан бастап Біріккен Ұлттар ұйымы ресми түрде 15 наурызды халықаралық исламофобияға қарсы күрес күні ретінде белгіледі. Бұл айтулы күннің мақсаты – дүниежүзіндегі мұсылмандарға қатысты әділетсіздік пен кемсітушілікке қарсы тұру, сондай-ақ діни төзімділік пен өзара құрметті нығайту.

15 наурыздың халықаралық исламофобияға қарсы күрес күні болып белгіленуі кездейсоқ емес. 2019 жылы дәл осы күні Жаңа Зеландияның Крайстчерч қаласындағы екі мешітте мұсылман қауымына қарсы лаңкестік әрекет жасалып, 51 бейкүнә мұсылманды айуандықпен өлтіріп, 40 адамды жаралады. Бұл оқиға бүкіл әлемге исламофобияның қаншалықты қауіпті екенін көрсетіп, халықаралық қауымдастықты осы мәселеге қарсы бірігуге шақырды.

Исламофобия тарихы

Исламофобияның тарихы 8-9 ғасырлардағы Ислам дінінің Еуропаға енуіне қарсы бағытталған Крест жорықтары кезіндегі Ислам діні мен мұсылман қауымын жапай айыптау ұрандарынан бастау алады. Ұрандар арасында: «Шығыстықтар», «Исламшылар», «Ұсқынсыз адамдар», «Варбарлар», «Бұзықтар», «Ұрылар», «Алдамшылар» т.б деп, айтқанынан айқын көреміз және Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарға тіл тигізетін лас сөздер кездеседі. Алайда, тарихтағы дәл осы кезеңге көз жүгіртсек, Ислам әлемі ғылым, мәдениет, философия, медицина, сәулет және басқа да көптеген салаларда әлемдік өркениеттің орталығы болып саналғанын көреміз.

Тарихи себептері: VIII ғасырда Омейядтар кезеңінде мұсылмандар басшылары қазіргі Испания мен Франция жеріне келіп дін таратып, мемлекет құруы, 1453 жылы Османлылардың Константинопольді жаулап алуы, 1683 жылы Вена қоршауы сияқты т.б оқиғалар Батыс әлемінде ғасырлар бойы Ислам діні мен мұсылмандарға деген өшпенділік, жеккөрушілік үрдістерінің ұласуына әсер етті. Мұндай үрдістер батыстың тарихи санасындағы сақталған исламофобиялық тақырыптардың қайта жаңғыру үлгісі ретінде көрініс тапты.

Қазіргі исламофобия

2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі АҚШ-та болған лаңкестік шабуыл оқиғасынан кейін мұсылман азаматтарына қарсы өшпенділік пен Ислам дінінің имиджіне қатысты керағар пікірлердің әлемде өте кең ауқымда таралуы белең алды. Осы оқиғадан соң көптеген саясаткерлер исламды терроризм ұғымымен бірдей мағынада пайдалана бастағанын еске сала кеткен жөн. Шын мәнінде Ислам бейбіт, әділ және толерантты дін екенін, бұл лаңкестік әрекеттерді жасаушылар мұсылман ұстанымдарымен сай келмейтіні жайлы айтылған пікірлерге мән берілмеді.

Сонымен қатар, араб және Африка елдерінен Еуропаға мұсылман халықтарының қоныс аударуы, Жаһандық көші-қон көріністерінің артуы батыста исламофобиялық көңіл күйді арттырды. Бұл үрдістер негізінен қоғамның кейбір топтары мұсылмандарды олардың дәстүрлері мен тыныштығына қауіп төндіретін күш ретінде қарастыру үрдістеріне айналды.

Қазіргі таңда исламофобия жаһандық проблемаға айналды. Бұл – жеке адамдарға ғана емес, тұтас қоғамға да әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе.

Сондай-ақ, «сөз бостандығы» деген желеумен Құранды өртеу, Мұхаммед пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тіл тигізу, екі миллиардқа жуық адамның қасиетті ілімін, сенімін, діни құндылықтарын ашықтан-ашық қорлау сияқты әрекеттер де исламофобияның белең алып жатқанының негізгі көрінісі.

Діни фанатизм – исламофобияның негізгі қозғаушы күші

Вумердес университетінің (Université Boumerdes) докторы, белгілі ғалым, Исмағил Букнур қазіргі исламофобиялық топтарды екіге бөліп көрсеткен. Олар: «Исламофобияны насихаттаушы тобы» және «Исламофобияны ұсынушы тобы (ислам атын жамылған діни фанатизмге ұрынған радикалды бағыттар)».

Исламофобияны насихаттаушы тобына, исламға қарсы ұйымдасқан, арнайы жоспарлары бар және Ислам діні мен мұсылмандарды жеккөрінішті етіп, әсіресе Батыста үркіту үшін жаңа әдістемелік идеяларды таратуға, жасауға үлес қосатын саяси топтар жатады. Бұл топтың ең түпкі мақсаты – мұсылман елдерінде қоғамдық тұрақтылықты бұзу мен қанды, түрлі-түсті төңкерістер жасау.

Исламофобияны ұсынушы тобына исламофобиялық идеяларға ықпал ететін және мұсылмандарға тікелей немесе жанама түрде зиян келтіретін псевдоисламдық, радикалды бағыттағы мұсылман топтары мен секталар және өздерінің діни фанаттық теріс пікірлерін насихатаушы жамағаттар жатады.

Қоғамда кездесетін діни фанатизмнің ең әуелі діни радикалды идеялар мен қоғамға қауіпті агрессиялық әрекеттердің бастауы екенін ескерген Исмағил Букнур діни фанатизм исламофобияның белсенді қозғаушы күші екенін мәлімдейді.



Мемлекет тұрақтылығына кері әсері

Исламофобия жеке адамның діни сезімін қорлау арқылы наным-сенім құқықтарын бұзып қана қоймайды, сонымен қатар қоғам өкілдері арасында арандаушылықты күшейтеді, әлеуметтік алауыздықты арттырады, тіпті жаһандық қауіпсіздікке теріс әсер етеді. Атап айтқанда, исламофобияның жағымсыз салдары бірқатар факторлардан көрінуі мүмкін.

Біріншіден, исламофобия қоғам бірлігіне нұқсан келтіріп, оның ішінде діни өшпенділік пен дұшпандық сезімін тудырады. Себебі исламофобия, азаматтар арасында алауыздық пен жағымсыз көзқарастарды қалыптастыратыны жасырын емес. Мұсылмандардың құқықтары бұзылып, өздерін қорланған, діни кемсітілген сезінеді. Бұл тек мұсылмандарға ғана емес, жалпы әлеуметтік ортаға да кері әсерін тигізуде. Мұндай жағдайда түрлі мәдениеттер мен діни сенімдер арасындағы үйлесімділік бұзылып, олардың бір-біріне қарсы бағытталуы қоғамның тұрақтылығы мен мемлекет дамуын тежейді.

Екіншіден, исламофобиялық үрдіс аймақтық және жаһандық экстремизм мен радикализмнің өсуіне әкеледі. Кейбір жағдайларда исламофобиялық әрекеттер халық арасында діни фанаттық көңіл-күйдің күшеюіне, азаматтардың бұзылған құқықтарын әртүрлі радикалды тәсілдермен қалпына келтіру әрекеттеріне әкелуі мүмкін. Бұл терроризм қаупін арттырады және жаһандық қауіпсіздікке қатерлерді одан әрі күшейтеді. Сөзімізге дәйек ретінде француздық Charlie Hebdo журналының Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) карикатураларын жа-

риялағаннан кейін туындаған жағдайды айта аламыз. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінде бүкіл әлемде исламофобиямен күрес өзекті мәнге ие болуда.

Қорыта айтқанда, исламофобия мен діни фанатизм үрдістері әлемдегі онсыз да күрделі жағдайдың одан әрі шиеленісуіне, мұсылмандарға қарсы өшпенділік пен зорлық-зомбылықтың артуына алып келеді. Ол халықаралық бейбітшілікке, қауіпсіздікке және адам құқықтарына қауіп төндіріп қана қоймай, халықтар мен қоғам өкілдері арасында бейбіт қарым-қатынастарға үлкен қауіп төндіреді. Қазақ зиялысы, жазушы Мұхтар Әуезов Кеңес үкіметі орнамай тұрып, 1918 жылы «Абай» журналында жариялаған бір мақаласында: «Қазақты жуырда жетілдірмейтін тағы бір себеп діни фанатизм, ескі ғұрып-ғадат. Ескі молдамен алысып, елді адастырған қатасын жойғанша, тіршілік жұмысының барлығын дінге байлағанын қойғызғанша, жаңа оқу харам, жаңа мұғалім кәпір дегенін тоқтатқанша, талай заман өтер. Ақыл мен адамшылық сыйғызбайтын надан атаның ескі ғұрып-ғадатын жоғалту да оңай емес. Бұлар күшті тұрғанда мәдениет кірмейді», – деген еді. Жақсылық пен жамандық бір Алладан болса, ал жақсы болу немесе жаман болу адамның өзіндік іс-әрекетінен болса керек. Демек, исламофобия және діни фанатизммен тиімді күресу арқылы қоғамда бейбітшілік, келісім және өзара сыйластық үрдісін қалыптастыра аламыз.

Ислам МАРАТҰЛЫ,

ҚМДБ Діни оқалту бөлімінің маманы



ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ ИСЛАМ

Ұлттық код – әрбір ұлттың басқалардан айырмашылығын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары. Ұлттық код әрбір ұлттың ерекшелігін ашып, оның сыр-сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл сипатқа ұлттың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі, діні, ділі, моральдық-этикалық нормалары тәрізді өзіндік ерекшеліктері жатады.

Ұлттық кодты сақтаудың маңыздылығы не?

Жаһандану, әлеуметтік желі заманында бүкіл әлем бір ауылдай аралас-құралас болған уақытта ұлттық кодты сақтау аса маңызды. Өзегіміз әлсіз болса, өз құндылықтарымызды бағаламасак, кез келген көк аттының жетегіне еріп кете барамыз. Ұлттық кодты сақтау – мемлекеттің қауіпсіздігінің кепілі, ұлттың жойылып кетуіне жол бермейтін негіздер. Тіл тұғыры биік, дәстүрі озық ел ғана басқалардан оқ бойы алда болады.

Ислам және қазақ болмысы

Осы күні қазақ халқының басым бөлігі өзін мұсылманмын деп санайды. Бұл жерде намаз оқитын мұсылман, намаз оқымайтын мұсылман деп бөліп жару негізгі мәселе емес. Негізгі мәселе – кейбір діннен үрке қарайтын, діннің құндылықтарына терең

бойламаған отандастарымыздың асыл дініміз Исламды қазақ болмысынан ысырып тастау әрекетіне жауап беру. Өздерін ұлт жанашыры секілді көрсететін кейбір топтар Ислам дінін қазақ дүниетанымынан алыстаып, адам санасында бос кеңістік қалдыруды қаласа, енді біреулер келмеске кеткен, қазақ танымына теріс тәңіршілдік, шаманизм сарқыншақтарын, қазіргі ізбасарларының ойдан шығарған еш негіздерге сүйенбейтін ұстанымдарын тықпалауға мүдделі. Мақсаты – халық арасында дұрдараздық орнату, екіге бөлу, алауыздық отын жағу. Ғасырлар бойы қазақ халқының ынтымақ бірлігінің қазығы болып келген ислам дінін мансұқтау. Осының нәтижесінде Ислам дініне, мұсылмандарға қатысты «арабтың дәстүрі», «арабқұл», «арабтың діні» «у ағызушылар» деген атаулар дүбәра жұрттың арасында тарап жүр. Ислам дінін жою олардың негізгі мақсаты, сол себепті

дін ұстану елдің қарыштап дамымауының негізгі себептері ретінде ұсынылуда. Олардың ойынша Ислам дінін бейберекет жіберсек, ертең көп ұзамай екінші Ауғанстан болады екенбіз. Дәлел ретінде кейбір жат ағым өкілдерінің, сауаты таяз мұсылман жамағатының әрекеттерін мысалға келтіріп, бетке басуда.

Қазақ халқын тәңіршілдікке қайтару әрекеті айтарлықтай нәтиже бермесе де, қазақ халқының ұлттық мүддесін көтеріп жүрген өнер, тіл, дін жанашырларының бірігуіне кедергі жасауда.

Тарихқа көз жүгіртсек, XVIII ғасырдан Қазақстан жерінде отарлау саясатын жүргізген Ресей патшалығының да көздегені қазақ болмысын күйрету еді. Олар қазақтың жер-суын тартып алумен шектелмей, руханиятына да ауыз салды, ұлттық кодын өзіне тиімді етіп өзгертуді жөн көрді, өйткені күшпен қазақ елін ұзақ басқару мүмкін емес еді. Нағыз құлақкеспе құлға айналдырудың жолы отарлаушы елдің сөйлейтін тілімен сөйлету, әдет-ғұрыптарын ұмыттыру, өздері ұстанып отырған дініне бодан елді күштеп кіргізу еді. Осы істе патша үкіметіне ерен қызметімен танылған ағартушы-миссионер Николай Ильминский 1860 жылы патша үкіметіне жазған құпия баянхатында: *«Қазақтарға сендер мұсылман емессіңдер, сендердің діндерің басқа, ата-бабаң тәңір дінін ұстанған» деп түсіндіру қажет, бұл ұғым толық орныққан жағдайда оларды христиан дініне кіргізу оңай болады»* деп түсіндірген. Себебі бұған дейін Ресей империясына қарасты якут, бурят, алтай халықтарын шаманизмнен христиан дініне өткізу процесі сәтті жүзеге асқан. Нәтижесінде аталған халықтар қазіргі уақытта құрып кету алдында тұр. Өкінішке қарай, бұл әрекет бір жарым ғасырдан кейін қазақ жерінде қайта бастау алғанына куә болып отырмыз.

Ұлттық кодқа діннің көзқарасы

Асыл дініміз Ислам мұсылман қауымын бірлік, ынтымаққа шақырғанымен «бір ұлт бол» немесе «араб бол» демейді. Әр ұлт өзіне тән қасиеттерін сақтаған кезде ғана Алланың ұлы хикметі орындалады. Хақ Тағала Қасиетті Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында: **«Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін сан-алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың»,** – деп айтқан.

Аятта келгендей ұлттарға, ұлыстарға бөліну Алланың қалау сипатымен жүзеге асып отыр. Алланың құзырында арабтың араб еместен, араб еместің арабтан еш айырмашылығы жоқ. Мүбәрак хадисте: **«Уа, адамдар! Расында, Раббыларың бір, аталарың бір. Естеріңде болсын. Арабтың араб еместен, араб еместің арабтан, терісі қызыл адамның қарадан, қараның терісі қызылдан еш артықшылығы жоқ. Артықшылық тек тақуалықта ғана болады. Расында, Алла Тағаланың құзырында ең ардақтыларың – тақуаларың»** (Табарани), – деген.

Әртүрлі ұлттарға бөліну Алланың ұлы дәлелі болғандай, тілдердің де сан алуандығы Алланың ұлы хикметінен. «Рум» сүресінің 22-аятында: **«Көктер мен жердің жаратылысы және тілдерің мен реңдеріңнің әр алуан болғандығы да, Оның ап-айқын дәлелдерінің бірі»** делінген.

Қазақ халқының ұлттың ерекшеліктерінің бірі әдет-ғұрыпты дініміз Құран, хадис, секілді діннің қайнар көздерінің бірі ретінде қарастырады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Мұсылмандар жақсы деп тапқан зат Алланың құзырында жақсы»** (Имам Ахмад)

делінген. Ислам құқығының ережесі бойынша да дәлелге алынады, яғни «әдет-ғұрып – төреші» деген қағида бар. Осы дәлелдерге сүйене отырып, мұсылман үшін Алла Тағаланың шариғатын орындауда әдет-ғұрыптың өзіндік орны барын әрі оны мансұқтаудың жөні жоқ екенін ұмытпауымыз керек. Яғни, ғасырлар бойы көшпелі қазақ өмірінің сүзгісінен өткен, болмысына сай қалыптасқан заңдылықтарды әдет-ғұрыптарға жатқызамыз.

Тәуелсіздік тұғырымыздың биік, іргеміздің бекем болуының негізгі алғышарты – ұлттық болмысымызға тән қасиеттерді қадірлеу, өскелең ұрпаққа көркем түрде насихаттау. Тіл ол тек қарым-қатынастың ғана құралы емес, бүтін бір халықтың келбеті – ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарымыздың мәйегі. Дін мен дәстүр болса руханияттың қос қанаты екенін біліп жүрген ұрпақ, ешуақытта басқа біреудің алдында тізе бүкпейді. Қазіргі мұсылман жастардың бойында осы үш негіз болса игі еді.

Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының бас имамы

Данияр КЕНЖАЛИН,
ҚМДБ Діни оңалту бөлімінің меңгерушісі:

ДІНИ РАДИКАЛИЗМНІҢ БАСТЫ СЕБЕБІ – ДІНИ САУАТТЫҢ ТӨМЕНДІГІ МЕН ШАЛА БІЛІМ



– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Діни оңалту» бөлімі қандай мақсатта және қашан құрылды? Бөлімнің негізгі бағыттары мен жұмыс тәсілдері қандай?

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан «Діни оңалту» бөлімі ресми түрде 2020 жылғы 13 наурызда ашылды. Бөлім ҚМДБ Төрағасы – Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығымен құрылған болатын.

Бөлімнің негізгі мақсаты – деструктивті діни ағымдарға, түрлі діни қозғалыстар мен топтарға еліктеген азаматтарды қайта оңалтуға және оларды

Ислам дінінің дәстүрлі жолына қайтаруға бағытталған. Бөлімнің жұмысы бірнеше бағытта өрбиді.

Бірінші және негізгісі – жоғарыда айтқанымыздай, жат ағымдардың жетегінде кеткен азаматтарымызды дәстүрлі Ислам негіздеріне қайтару.

Екіншісі – өңірлердегі қызметкерлерге әдістемелік қолдау көрсету. Бұл ретте бөлім тарапынан бірнеше әдістемелік құралдар жарық көріп, жүйелі түрде семинарлар мен курстар жүргізіліп отырады.

Үшіншісі – Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтар арасында алдын-алу және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру. Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) **«Әрбірін бақташы секілдісіңдер және бәрің де қоластыңдағылар үшін жауап бересіңдер»** деген хадисі барша дін қызметкерлеріне ерекше жауапкершілік жүктейді. Осы ретте әр имам өзінің өңіріндегі жамағатқа жауапты деген мазмұн шығады. Еліміздің біраз өңірінде мешіттегі жамағаттан тыс, түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан намазхан бауырларымыз бар.

Имамдарымыз қапаста жазасын өтеп жатқан бауырларымыздың да ақысын беру мақсатында жүйелі түрде дәрістер жүргізіп, жеке кездесулер өткізіп келеді.

– Қазіргі уақытта елімізде діни радикализм мен жат ағымдарға қарсы күрес қалай жүргізілуде?

– Бүгінгі таңда елімізде діни радикализм мен жат ағымдарға қарсы күрес бірнеше бағытта, жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бұл күрес тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен қатар Діни басқарма тарапынан белсенді жүргізілуде.

Діни радикализмнің басты себебі – діни сауаттың төмендігі мен шала білім. Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздің әр аймағында ағартушылық бағыттағы уағыз-насихат жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыр. Жоғарыда

айтқанымыздай, қызметкерлеріміз мешіттерде ғана емес, оқу орындары мен түзету мекемелерінде де халықпен тікелей кездесіп, дәстүрлі Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебінің негіздерін түсіндіруде.

Қазіргі радикалды топтар исламды бұрмалап түсіндіру арқылы жастарды алдап отыр. Сондықтан оларға іліммен, қисынды оймен, тарихи және теологиялық тұрғыдан нақты дәлелдермен қарсы тұру – басты тәсілдің бірі. Бұл бағытта деструктивті ағымдардың қате тұжырымдарына жауап беретін кітаптар, брошюралар, бейнематериалдар, онлайн-контенттер әзірленуде.

Жастар – жат ағымның басты нысанасы. Сондықтан ата-аналар мен ұстаздардың да діни сауатын көтеру, отбасындағы рухани тәрбиені күшейту – бұл күрестің маңызды бөлігі. ҚМДБ осы бағытта арнайы жобалар мен түсіндіру жұмыстарын қолға алып отыр.

– Жат ағымдардың жетегінде кеткен адамдармен қалай байланыс орнатылады? Оларды дәстүрлі исламға қайтару процесі қалай жүреді?

– Жат ағымдардың ықпалына түскендермен жұмыс істеу – нәзік, сабырлы және кәсіби тәсілді талап ететін күрделі процесс. Мұндай адамдармен байланыс орнату мен оларды дәстүрлі исламға қайтару – ұзақ мерзімді теологиялық, психологиялық және адами қарым-қатынасқа негізделген жұмыс.

Алдымен сенім мен сенімділік орнату маңызды. Олар көбінесе қоғамнан оқшауланған, Діни басқармаға немесе имамдарға күмәнмен қарайтын, тек өз тобына ғана сенетін күйде болады. Сондықтан біз мұндай адамдармен оларды айыптамай, кінә артпай, алдымен тыңдау, түсіну, ортақ тіл табу арқылы диалог

құруға тырысамыз. Артынша Ханафи мәзһабының дәлелдері мен Матуриди сенім мектебінің ұстанымдарын пайдалана отырып, олардың сеніп жүрген түсініктеріндегі қайшылықтарды көрсетеміз.

– Осындай оңалту жұмыстары кезінде қандай кедергілер мен қиындықтар кездеседі? Өз тәжірибеңізде ең әсер еткен оңалту оқиғасы қайсысы болды?

– Діни радикализм мен жат діни ағымдардың идеологияларын бейне бір вирус ретінде суреттеуге болады. Медицина саласында кез келген вирусты жұқтырған адам белгілі бір дертке шалдығатындығы белгілі. Біздің салада санадағы «вирустар» дәл осылай адамның бойынан теріс көріністерін табады. Мемлекет пен ата заңды «тағұт» деп айыптау, ата-анасын күпірлікке шығару, имамдарды бидғатпен айыптау және өзге адасушылықтар мен дәстүрлі Ислам құндылықтарына сай келмейтін іс-әрекеттер – санадағы дерттің көрінісі. Медицинамен айырмашылығымыз – тән ауруларына шалдыққан адам өзі ем іздейді, дертін сезініп тиісті шара қабылдайды. Ал біздің саладағы түсініктегі дерттерге шалдыққан адам өзінің жағдайын дерт деп санамайды, керісінші саумын деп есептейді және айналадағыларды дертке шалдыққан деп есептейді. Сол себепті көп жылдар бойы жат ағымдардың жетегінде жүрген бауырларымыз имамдар тарапынан айтылып жатқан дәлелдер мен уәждерді қабылдағылары келмейді. Әрине, араларында уағыздарымызға құлақ салып, ақиқатты ізденетін адамдар жоқ емес.

Еліміздегі радикалды ұстанымдардан толыққанды қайтып, дәстүрлі исламның негіздеріне қайтқан адамдардың оқиғалары баршылық. Солардың ішіндегі ерекшесі – Тұрған Омаров есімді ағамыздың оқиғасы.



Бұл азамат өзім туған Степногорск қаласында кәсіпкер болған. Жас кезінде медреседен білім алып, көрші мемлекетте имам болып та үлгерген. Тарихи отанына оралып, сауда-саттықпен айналыса бастайды. 2000-жылдардың ортасында енді таралып жатқан тақфирлік көзқарастағы жамағат ықпалына түсіп, 12 жыл жазасын өтеп шыққан. Қазіргі таңда бұл ағамыз бұрынғы ұстанымдарынан толық қайтып, өзі оңалтушы маман ретінде үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс атқаруда. Бұл ағамыздың оңалуына имамдар тікелей әсер еткен. Тұрған Омаровтың өмірі жайлы осыған дейін арнайы «Шаңырақ» атты жобамызда сұхбат түсірген болатынбыз.

– Бұрындары имамдар жоғары оқу орындарының студенттерімен және мектеп оқушыларымен жиі кездесулер өткізетін. Соңғы жылдары осы үрдісті көп байқай бермейміз.

– Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет екендігі баршамызға белгілі. Мемлекет белгілі бір діни бірлестікке басымдық беріп қоя алмайды. Бұл ретте халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізетін арнайы орталықтар жұмыс істейді. Орталық қызметкерлері қатарында білікті теологтар, яғни исламтанушы мамандар қызмет етеді. Көп жағдайда аталған қызметкерлердің әлеуеті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізуге жеткілікті болып отыр. Бірақ мүлде имамдар ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатыспайды деп айта алмаймыз. ҚМДБ құрамындағы Республикалық ақпараттық насихат тобы мүшелері жергілікті атқарушы органдардың келісімімен түрлі мекемелерде халықпен кездесіп, жат ағымдардан сақтандыру тақырыбы бойынша түсіндіру жұмыстарына үлестерін қосуда.

– Онлайн кеңістікте, әсіресе әлеуметтік желілерде, жат ағым идеяларының таралуына қалай тосқауыл қойылуда?

– Иә, бұл бағыт өз маңызын жоғалтпауда. Әлеуметтік желілерде деструктивті және радикалды идеялардың таралуының алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүргізілуде. Бұл бағытта ҚМДБ қызметкерлері жат ағым ұстанымдарына қарсы және балама насихаттық жұмыстарды жүргізеді. «Мұнара» газетіндегі «Шырмауық» айдары, әлеуметтік желілердегі түрлі подкасттар мен видеосабақтар және «tuftiyat.kz» сайтындағы «Діни» сенім айдары – осы бағыттағы жұмыстардың бір парасы.

– Сіздің ойыңызша, еліміздегі діни тұрақтылықты сақтау үшін қандай маңызды қадамдар жасалуы тиіс?

– Әрине, еліміздегі діни ахуал тұрақты болғанымен, сын-қатерлер де жеткілікті. БАҚ беттерінен ара-тұра экстремизм немесе діни алауыздықты қоздырғаны үшін сотталып жатқан отандастарымыз жайлы хабар алып тұрамыз. Бұл жағдайлар – атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын арттыру қажет екендігінің белгісі.

– Қоғамды діни тұрғыда сауаттандыру үшін қандай ойларыңыз бар? Діни оңалту бөлімнің болашақта атқарар жоспарларын бөліссеңіз?

– Ағартушылық өте маңызды. Біз жат ағымдарды толыққанды жойып жібере алмасақ та, көбейуін болдырмау аса маңызды. Ол үшін дінге қызығып жүрген кез келген адам ең бірінші мүфтияттың көрсеткен пәтуаларына еру керек. Сондықтан біз тек мешітте ғана емес онлайн кеңістікте де көшбасшы болып қалыптасуымыз қажет. Діни ақпараттың тек мемлекеттік тілде ғана емес, сонымен қоса орыс тілінде қол жетімді болуы, оның жамағат сұранысына жауап бере алатындай күйде болуы аса маңызды. Жоспарымыз – осы атқарып жатқан жұмыстарымыздың сапасын арттыра беру.

Сұхбаттасқан Кеулімжай ҚҰТТЫ

ЖАТ АҒЫМДАР ЖАРҒА СОҚТЫРАДЫ

Ислам діні – ізгілік мектебі һәм туралыққа апаратын жол. Адамзатты әрдайым бейбітшілікке, татулық пен бірлікке және ғылым мен білімге шақырады.

Бұған Алла Тағаланың қасиетті Құрандағы «Хужурат» сүресінің 13-аятында:

«Уа, адамзат! Сендерді Біз әуелде бір еркек, бір әйелден, бір ата, бір анадан өрбіттік. Өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірлеріңді танысын деп түрлі ұлт пен ұлыстарға бөлдік. Алла Тағала алдындағы ең абыройлыларың – тақуа болғандарың. Шын мәнінде, Алла – барлық нәрсені толық білуші, барлығынан толық хабардар», – деп айтқаны дәлел болмақ.

Біз ғасырлар бойы ата-бабаларымыз ұстанып келген «Әһлі-сүннет уәл-жамағат» жолын, Матуриди ақидасын, Ханафи мәзһабын ұстанамыз. Құранның «Әнбия» сүресінің 107-аятында:

«Біз сені әлемдерге тек рақым етіп қана жібердік», – делінген. Сан ғасырлар бойы мұсылмандар Исламның осы бейбітсүйгіштік ерекшелігін мақтан етіп, барынша жақсы амалдар жасауда.

Қазіргі уақытта Исламға қатысты әлеуметтік желіде түрлі пабликтерде теріс пікірлер таратып, құбыжық етіп көрсетуге әуес жағдайлар көрініс табады. Шын мәнінде Исламның терроризм, экстримизммен ешқандай қатысы жоқ. Кейбір шығыстанушылардың Ислам тек қылыштың күшімен жайылды деген пікірлері негізсіз. Бұл асыл діннің негізгі құндылықтарын дұрыс түсінбеудің, діни сауатсыздықтың белгісі. Әу баста Ислам әлемге тек бейбітшілік әкелу үшін жіберілген.



«Аддикция» деген ұғым бар, бұл – бір нәрсеге шырмалып, соған тәуелді болу. Мысалы, құмар ойынның, ащы судың соңына түсіп кеткен жандарды білеміз, ал діндегі фанатизм де – сондай тәуелділіктің бір түрі. Бұл – анық жат ағымның белгісі. Өйткені дәстүрлі дінде фанатизм болмайды, ол орта жолды ұстануды, байсалдылықты насихаттайды.

Соңғы уақытта асыра діншілдік зардабы қоғамға зиянын тигізіп келеді. Руханият көшбасшылардың бірі ақын Шәкәрім қажы Құдайбердінің «Иманым» еңбегінде «Дін адамды бір бауыр қылмақ еді, оны бөліп, дұшпандық қару жасар», – деп айтқанындай, жамағатты жік-жікке бөлу, іштей ыдырату, өздерін ғана шынайы мұсылман тұтып, өзгелерді адасқан санау, уағыз-насихаттарын жасырын жүргізу – жат ағымның сипаты.

Олар үшін сан ғасырдан бері ұстанып келе жатқан дәстүрлі дінімізді жоққа шығару, салтымыз бен ғұрпымызды ұлтты, мәзһабты және мойындамау, өзгелерді «кәпір» деп айыптау т.с.с қалыпты нәрсе.

Ал оған алып келген негізгі фактор желіге құрбандық, сыни ойлай алмауы мен білімсіздік.

Статистикаға сүйенсек, деструктивті ағымдардың құрығына көбіне 14 пен 29 жас аралығындағы жастар ілігеді. Әдетте, мұны интернеттің кең қолданысқа енуімен байланыстырады. Жат ағымнан сақтанудың жолының бірі діни білімді сенімді көздерден алу керек. Алла Тағала қасиетті Құранның «Нахл» сүресі, 43-аятында: **«Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»**, – деп білмеген мағлұматты білетін, білім иесінен сұрауды әмір еткен. Діни білімді интернет желісіндегі шекараның ар жағында отырған беймәлім ұстаздардан, белгісіз сайттардан үйренуге болмайды. Қазіргі таңда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты барлық мешіттердің жанында арнайы сауат ашу орта-лықтары бар. Сонымен қатар интернет желісінде діни мағлұмат алам деушілерге muftat.kz сайты бар. Телефон арқылы сұрақ қойғысы келгендер діни ақпарат беруге арналған call орталыққа хабарласа алады.



QAZAQSTAN MÜSYLMANDARY DINİ BAŞQARMASY AQTÖBE OBLYSTYQ ÖKİLDİGİ



Айта кетерлігі, дінге бет бұрған адамның теріс ағымның ықпалына түскенін мінез-құлқының өзгеруінен байқауға болады. Оның бір белгісі – қаталдық, өзінің «көшбасшысы» тыйым салғанның бәрін жаппай айыптау. Олар ақ-қараны айырып жатпай, үзілді-кесілді тыйым жасауға бейім келеді. Мысалы, «домбыраны тыңдауға болмайды» дейді. Ал халқымыздың домбыра арқылы жеткен мұрасы ізгілікті, отбасы құндылықтарын, туған жерді сүюді насихаттайды. Дінімізде ата-анаға, бауырға, Отанға деген сүйіспеншілікті паш етіп, соған үндейтін шығармаларға тыйым салынбайды, керісінше, олар имандылықтың уағыз-насихатының бір бөлігі ретінде қабылданады.

Жалпы жастарды, балаларды бақылаусыз қалдыруға болмайды. Отбасындағы мейірім мен жылу, ұлттық құндылықтарды ұстану көп жағдайда алдап-арбаушылардың құрығына түсіп қалудан сақтайды. Жат ағым жетегінде кеткендердің санын азайтамыз десек, қоғамда ұлттық құндылықтар мен отбасы құндылықтарын насихаттауға зор мән берілуі керек. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қазіргі қоғамда осы мәселенің өзектілігін ескеріп, отбасындағы өзара мейірімділік, ізгілік, адамгершілік сынды құндылықтарымызды жаңғырту мақсатында 2025 жылды діни қызмет аясында «Ислам және отбасы құндылығы» жылы деп жариялады.

Дәстүрлі дініміз – Алла разылығын көздейтін, бейбіт, ізгі қоғам құруды мақсат тұтатын соңғы дін. Күш қолдану мен өшпенділікке жол бермей, қоғамдық өмірдің негізі ретінде тепе-теңдікті сақтайды. Дау тудыратын қоғамдық мәселелерді жеке бастың мүддесі үшін емес, өзара жалпыға ортақ сенімділік, сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік пен түсіністік тұрғысынан шешеді. Сол себепті Оның мейірімі, сүйіспеншілігі мен көмегі белгілі бір түр-түспен, этникалық ерекшелікпен шектелмейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ей, Алланың құлдары, бір-бірлеріңе бауыр болыңдар!»**, – деген. Ислами тепе-теңдік ұстанымы мен әділдік, төзімділік қағидалары аталмыш құндылықтарды іс жүзінде асыруға көмектеседі.

Жат ағымнан оңалту – ортақ міндет. ҚМДБ жыл сайын жат ағымның алдын алу үшін жасалып жатқан іс-шаралардың маңызын арттырып, оңалту мәселелері бойынша жұмыстардың нәтижесін әрдайым басты орынға қояды.

ҚМДБ Ақтөбе өкілдігінде жат ағыммен күрес және оңалту мәселелері бойынша түзету орындары мен мекемелерде, түрлі сала мамандарымен тұрақты түрде кездесулер мен іс-шаралар өткізіліп келеді. Одан өзге имамдар мен ұстаздар кезек-кезекпен ауыса отырып, мешіттерде уағыз-насихат дәрістерін жүргізеді.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы Ислам дінін ұстана жүріп, өзінің салт-дәстүрлерінен де ажырамаған, оларға зор құрметпен қараған. Бұрынғы аналарымыз, қазақтың қыз-келіншектері қара жамылмай, өзіміздің ұлттық дәстүрімізге сай және шариғат шеңберінен алшақтамай киінген. Біз де бүгінгі ұрпаққа солардың өнегесін үлгі етіп, яғни кимешек, шәлі секілді ашық түсті, ою-өрнекпен көмкерілген

ұлттық киімдерімізді киюді әрдайым насихаттап келеміз. Мешіттердегі шаралар да дін мен дәстүр сабақтастығы аясында ұйымдастырылып, жастарға ұлттық құндылықтардың, төл тарихымызға, ата-баба мұрасына сый-құрметпен қараудың маңызы жөнінде жиі айтылады.

Қазақ халқы ислам дінін араб болу үшін емес, мұсылман болу үшін қабылдаған. Ислам діні ортақ болғанымен, әр халық дініміздегі төрт мектепке тән жолдарды ұстанып, бүгінге дейін өзінің тілін,

салт-дәстүрін сақтап келді. Ал қазақ халқы ұстанған жолы – Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы.

Қоғамда теріс ағымдармен күресеміз деп, ұлттық дәстүрімізге, ғұрпымызға сіңген Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын адамдарға да қысым көрсетпеуіміз керек. Біз зайырлы мемлекет ретінде діни толеранттылық пен ұлттық құндылықтарды қатар ұстануымыз қажет. Бұл – еліміздің тұрақтылығы мен дамуының кепілі.

Біз үшін бұл – имандылықпен қатар, бірліктің де жолы. Бірлік – қашанда елдіктің басты тірегі, алтын қазығы. Сондықтан халқымыздың ынтымақ-бірлігіне сызат түсірмеуді дін ұстанған әр азамат өзіне мұрат тұтуы керек.

Жастарды жастық шақты білім алуға, ата-ананы, ұстазды қадірлеуге, жақсы істерге арнауға, Отанға қызмет етуге шақырамын. Сонымен қатар салт пен дәстүрімізге құрмет көрсетуге үндеймін.

Амантай САДИЕВ,

Ақтөбе облысының бас имамы



ТЕРІС АҒЫМДАР ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ МІНБЕРІНЕ АЙНАЛДЫРДЫ



Бүгінде теріс пизылды діни ағымдардың әрекеті тұтас қоғамды алаңдатып отыр. Олар діннің атын жамылып, ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрімізді теріске шығарып жүр. Мұндай әрекет қазақ қоғамындағы рухани құндылықтарды күйретіп, ішкі тұрақтылыққа қауіп төндіретіні сөзсіз. Себебі деструктивті ағымдар мен радикалды діни топтар жергілікті әдет-ғұрып пен мәдениетке немкетті қарап, тек өздерінің жолын дұрыс санайды.



Сондай-ақ олар барынша астыртын жұмыс істеуге тырысып, мақсатына жету үшін заң бұзуды қалыпты жағдай деп түсінеді. Өзге сенім иелеріне деген жеккөрушілігін жасырмайды. Бұл Ислам дінінің қағидаттарын айтпағанда, ұлттық болмысымызға тура келмейтін өрескелдік. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «**Мұсылман қоғамынан бір қарыс болса да бөлінушілікке түскен**

кісі мойнындағы Ислам жібін үзгенмен тең» дейді. Алла Тағала қасиетті Құранда: «**Алла бүлік шығарушыларды сүймейді**» («Мәида» сүресі, 64-аят) десе, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): Тағы бір хадисінде: «**Кім де кім бағынудан бас тартып, жамғаттан бөлініп кетсе әрі сол кеткен күйінде өлетін болса, онда ол надандық өліммен өлген болып есептеледі**» деп ескертеді.

Бүгінде елдің, ұлттың тұтастығын сақтау үшін жат ағымдардан барынша сақтану маңызды. Ұлттық құндылықтарды насихаттап, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымызды ұлықтап отыру кезек күттірмеуі керек. Жастарды ел бірлігі мен мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін діни ағымдардан сақтандыру – әрбіріміздің парызымыз.

Әсілінде қазақ халқы «Дін ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деп бекер айтпаса керек. Деструктивті ағымдар үгіт жұмыстарын діни білімі төмен азаматтардан бастайтыны сөзсіз. Бүгінде кейбір бауырларымыздың теріс ағым ықпалына түсіп кетуінің бірден бір себебі әлеуметтік желіден тыңдаған уағыздар болып отыр екен. Әсіресе бұл торға жастарымыздың көптеп шырмалып жатқаны көңілді алаңдатады. Себебі, жастар жаңашылдыққа, өзіне беймәлім тақырыпты игеруге құштар болады. Ал тосын тақырыптың жауабын тез табудың оңай жолы – әлеуметтік желі. Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2 пайызы әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7 пайызы аптасына бір рет және 9,1 пайызы айына бір рет тексереді екен. Бұл жастардың қоғамдық-психологиялық дамуына әрқалай әсер етері сөзсіз.

Алла Тағала қасиетті құранда: **«Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да, бөлінбеңдер»** («Әли Имран» сүресі, 103-аят) деп мұсылмандарды бірлікке шақырады. Алайда көп уақытын ғаламторда өткізетін іні-қарындастарымыз ақиқатты табамыз деп жүріп, алаяқтың арбауына түсіп қалғанын байқамайды. Өзіне керекті мәліметтерді іздеп отырып, діни ағым өкілдерімен кездейсоқ танысатын да – жастарымыз. Осы жағынан алғанда ғаламтордың өз зиянын тигізіп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Қазір әлеуметтік желі теріс діни ағымдардың насихаты үшін таптырмас алаңға айналып отыр. Деструктивті діни қозғалыстар арзан әрі тиімді құрал ретінде ғаламтор желісін кеңінен пайдаланады. Іздеу желісінен бір ғана «ислам» сөзін терсеңіз, экстремистік мазмұндағы жүздеген бейнероликтер, оның ішінде деструктивті қозғалыс жетекшілерінің бейне хабарламаларына тап болатыныңыз сөзсіз. Facebook, Youtube, Google, Twitter, VKontakte, Онокласники, Telegram, Instagram, TikTok желілеріндегі кейбір топтар мен қауымдастықтардың атаулары әдетте қарапайым болып көрінеді. Бірақ олардың дені – жастарымызды алдап-арбауды мақсат еткен ақпараттық тұзақ. Елімізде шамамен он миллионнан аса адамның желіге тіркел-

генін ескерсек, бұл құбылыстың қаншалықты қауіпті екенін пайымдай беріңіз. Мысалы, деструктивті діни ағымның жетегінде кеткендердің 88 пайызына осы әлеуметтік желі әсер еткен. Кезінде «ДАИШ» халықаралық террористік ұйымы өз содырларының қатарын әлеуметтік медиа мен ғаламторды пайдалану арқылы көбейткен.

Әлемде лаңкестік ұйымдарға қосылғандардың 80 пайыздан астамы ғаламтор арқылы арбалғандар екен. Және олардың басым көпшілігін жастар құраған. Өкініштісі сол, осы топтың арасында өз қандастарымыз да болды. Бірнеше жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асқан «Жусан-2» операциясы Сириядан екі жүзден аса Қазақстан азаматын елге жетізді. Солардың арасында жүзден аса әлі санасы жетілмеген балалардың болғаны қандай өкінішті.

Экстремистер әлеуметтік желілерде жастардың өмірлік көзқарасын, дүниетанымын зерттеп, түрлі форматта контент жасайды. Қайырымдылық, құран аяттары мен сүннет амалдары секілді жарияланымдар, сапалы, дизайны көз арбайтын инфографикалық және анимациялық роликтер жастарды әп-сәтте баурап алары сөзсіз. Психолог мамандардың айтуынша, жылылыққа зәру, қоғамда буллинг көрген, өзіндік қызығушылығы мен хоббиі жоқ, өзіне

сенімсіз балалар арбауға тез түседі екен. Сыни ойлау қабілеті қалыптаспаған, діни сауаты жоқ бала арбаушыны құтқарушы кейпінде қабылдайтын өрінеді. Сондықтан мамандар балаға барынша жақын болып, әрбір ата-ана перзентімен ашық әңгімелесуі керек деп отыр. Оның кімдермен араласатынын, уақытын қалай өткізетінін, оны не мазалайтынын бііліп жүру де маңызды. Баланы спортқа, мектептегі үйірмелерге, қоғамдық іс-шараларға жиі қатыстырған дұрыс. Қандай контент көретінін бақылап отырған да артық болмайды. Қандай бағдарламалар көретіні, оқитын кітабы, ол тіркелген әлеуметтік желілер мен қарайтын сайттары да наза-рыңызда болсын. Егер балаңыздың діни тақырыптарға қызығатынын байқасаңыз, muftyat.kz, fatua.kz, azan.kz, muslim.kz, ummet.kz секілді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми интернет-ресурстарын ұсынуыңызға болады.

Ералы ЕСЕНГЕЛДИЕВ,
РАНТ мүшесі

ОҢАЛТУ – ЖАУАПТЫ ҺӘМ САУАПТЫ ІС

Қазіргі таңда елімізде деструктивті діни ағымдардың алдын алу және оған ілескен азаматтарды оңалту жұмысы – мемлекет пен қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Бұл – тек қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету шарасы ғана емес, рухани, адами әрі имани жауапкершілік жүгін арқалаған күрделі процесс. Осы тұрғыдан алғанда, оңалту ісі – жауапты да сауапты әрекет.

Оңалту (реабилитация) – белгілі бір деструктивті идея жетегіндегі адамды радикал ойдан арылтып, оның санасын сауықтыру, дәстүрлі діни түсінікке қайта бет бұруына жәрдемдесу. Бұл бағыттағы жұмыстар теологтар мен психологтардың кәсіби даярлығын ғана емес, сабырлықты, іштей сендіру мен имани ықпал ету тәсілдерін де талап етеді. Оңалту – тек уағыз айту немесе насихат жүргізу емес, ол – адам жанын терең түсінуге, оның ішкі жан әлеміне үңіліп, күмәнін сейілтуге бағытталған ұзақ мерзімді рухани ем.

Ислам дінінде бауырмалдық, насихат пен жақсылыққа шақыру – мұсылманның ең үлкен міндеттерінің бірі. Алла Тағала Құранда: **«Сендер адамдардың арасынан шығарылған ең жақсы үмбет болдыңдар: адамдарға жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыйып, Аллаға иман келтіресіңдер»** («Әли Имран» сүресі, 110-аят) деп баяндаған. Бұл аят дін насихатының, яғни адамдарды тура жолға үндеудің маңызын көрсетеді.

Радикалды көзқарасты ұстанатын адамды бір сәтте райынан қайтару оңай емес. Мұндай жағдайда Құрандағы мына аятты ескерген жөн: **«Раббыңның жолына даналықпен, көркем үгітпен шақыр. Олармен**

ең көркем түрде пікірлесіп, сұхбат жүргізі!» («Нахл» сүресі, 125-аят). Бұл – оңалту жұмысының негізгі қағидаты. Оңалту саласы маманының міндеті – адамға қысым көрсету емес, жүрегіне жол табу. Көп жағдайда радикалды ағымға ілескендер – діни сауаты таяз, өмірлік қиындық көрген, жалғыздықты бастан кешкен немесе шынайы рухани ортаны таппаған жандар болып келеді. Сондықтан мұндай адамдарға байыппен, сыпайы әрі жанашырлықпен бағыт көрсету – оңалтушының басты құралы. Оңалту тек жеке адамның түзелуімен шектелмейді. Әрбір оңалған азамат – қоғам үшін қауіптің азаюы, отбасының тыныштығы, келешек ұрпақтың дұрыс тәрбиеленуі. Теріс ағымға түскен әке балаға да, әйеліне де зиян. Ал оның көзқарасы түзелсе, бүтін бір отбасы түзеледі. Сондықтан оңалту – тек бір адамды емес, бүтін бір қауымды құтқару. Оңалту ісінде дінді түсіндіру тек догмалар мен үкімдер арқылы емес, рухани жауапкершілік тұрғысынан жүргізілуі тиіс. Дін – тек сенімдер жиынтығы емес, ол – қоғаммен үндестік, ата-анамен қарым-қатынас, отбасындағы мейірім, балаға деген қамқорлық сияқты адамгершілік ұстанымдарды да қамтиды. Сондықтан теологиялық оңалтуда салт-



дәстүр, ата-баба аманаты, дін мен ұлттық құндылықтың өзара байланысы басты назарда болуы керек. Бұл тәсіл азаматтың діни ұстанымдарын бұрынғыдай сыртқы пішінмен емес, ішкі руханият пен өмірлік жауапкершілік арқылы қайта қарауына мүмкіндік береді.

Оңалту процесінде отбасының қолдауы – аса маңызды фактор. Радикалды ағымдарға ерген азаматтар көбіне қоғамнан, ең жақын жандарынан оқшауланып, «шындықты» тек өз сенім жүйесінен ғана іздеуге бейім болады. Мұндай жағдайда отбасылық байланыстарды қайта жандандыру – адамның әлеуметтік ортамен байланысын қалпына келтірудің бірден-бір жолы. Оңалту жұмыстары тек теологиялық немесе психологиялық тәсілдермен шектелмеуі тиіс. Көп жағдайда радикалды көзқарасты ұстанушылардың әлеуметтік жағдайы, жұмыссыздық, білімнің жетіспеушілігі де теріс діни ағымдарға тартылуына себеп болады. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар тарапынан кәсіби бағдар беру, қайта даярлау курстары, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыру – оңалту үдерісінің ажырамас бөлігі болуы қажет. Тек осындай кешенді көзқарас арқылы ғана қоғамда тұрақты діни қауіпсіздік орнатуға болады.

Бүгінде Қазақстанда деструктивті ағымнан зардап шеккен азаматтарды оңалту бойынша нақты тәжірибе қалыптасқан. Қылмыстық-атқару жүйесінде және пробация қызметінде арнайы теологиялық оңалту орталықтары жұмыс істейді. Еліміздің барлық өңірінде түзету мекемелерінде тәжірибелі теологтар мен психологтар бірлесіп, радикалды көзқарастағы азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, жергілікті ақпараттық-түсіндіру топтары да қоғамнан шеттетілген тұлғалармен байланыс орнатып, олардың қайта әлеуметтенуіне жәрдемдесіп отыр.

Ислам тарихында діни көзқарасы теріс бағыттағы жамағаттармен жұмыс істеу тәжірибесі сонау сахабалар заманынан бастау алады. Осы орайда Ибн Аббастың (Алла оған разы болсын) харижиттермен жасаған сұхбаты – діни оңалтудың алғашқы және көрнекті үлгілерінің бірі. Халифа Әли ибн Әбу Тәліптің (Алла оған разы болсын) кезінде харижиттер деп аталатын топ Алланың үкімін өздерінше түсініп, мұсылман жамағатынан бөлініп шығып, қарулы бүлік жолын таңдаған болатын. Олар Әлиді (Алла оған разы болсын) «тағұт», ал өздерінен басқа мұсылмандарды «кәпір» деп атап, қоғамға қауіп төндірді. Сонда сахаба Абдулла ибн Аббас (Алла оған разы болсын) олармен бетпе-бет кездесу үшін рұқсат сұрап, пікірталас жүргізуге аттанды. Тарихи деректерге қарағанда, сахаба олардың айтқан уәждерін Құран аяттары мен Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті негізінде теріске шығарып,

қисынсыз тұстарын ашып көрсетті. Бұл пікірталасан кейін харижиттердің үштен екісі райынан қайтып, негізгі мұсылман қауымына қайта қосылған. Ибн Аббастың бұл әрекеті – бүгінгі заманның дін мамандары үшін де үлгі. Ол қару емес – сөз, күш емес – дәлел арқылы райынан қайтарды. Демек, діни оңалту – адамға үміт беру, ақиқатты сабырмен жеткізу, адасқан жүректерге жол көрсету.

Оңалту жұмыстарында нәтижелі қадамдардың бірі – теологиялық түсіндіру жұмыстарын зайырлық принциптерімен ұштастыру. Радикалды бағыттағылармен жүргізілетін жұмыс барысында дін мен заңның аражігін нақтылап түсіндіру маңызды. Мысалы, экстремистік көзқарасқа бет бұрған азаматтар көбіне «тағұт» ұғымын бұрмалап түсініп, мемлекеттік институттарды мойындамай жатады. Мұндай жағдайда Құран мен сүннет негізінде исламның әділдік, бейбіт өмір, келісім секілді қағидаларын көрсету – оңалту процесінің басты бағыты болуы тиіс. Сонымен қатар, оңалту жұмысы қоғамның өз ішінде де қолдау табуы керек. Азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар мен мешіт қауымдары радикалдануға қарсы иммунитет қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл ретте құқықтық сауаттылықты арттыру, діни ақпаратты тек сенімді көздерден алу, отбасы және мектеп деңгейіндегі тәрбие – алдын алу мен оңалтудың біртұтас жүйесін құрайды.

Жалпы алғанда, дін мен заңның үйлесімді ықпалдастығы ғана қоғамдағы діни тұрақтылық пен азаматтық бейбітшіліктің кепілі бола алады. Бұл Қазақстанның Конституциялық құрылымына сай зайырлы мемлекет ретінде өзінің бірегей тәжірибесін қалыптастырып келе жатқанын көрсетеді. Оңалту саясаты, теологиялық түсіндіру, заңдық негіз бен қоғамдық қолдау – радикалды діни идеологияларға қарсы тұрудағы басты құралдар. Ал бұл құралдар мемлекет бекіткен 2025–2030 жылдарға арналған Заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасымен толық үндеседі.

Оңалту – тек мамандардың міндеті емес, ол – барша қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әсіресе дін саласында қызмет етіп жүрген имамдар, ұстаздар, ата-аналар, қоғамдық ұйым өкілдері біріге отырып, мұндай азаматтарға қолдау білдіруі керек. Бұл – рухани жағынан ауыр, бірақ сауапты іс. Себебі бір адамның түзу жолға түсуі – бүтін елдің амандығына жол ашады.

Диас БАЙЖІГІТОВ,
Ақмола облыстық «Науан хазірет»
мешітінің наиб имамы

ИСЛАМДАҒЫ БИДҒАТ ҰҒЫМЫ

(ХАНАФИ МӘЗҢАБЫ
МЕН ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІ
АЯСЫНДА)



Ислам діні – Алла Тағаланың адамзатқа жіберген соңғы діні. Оның негізгі қайнар көздері – Құран Кәрім мен сүннет, ал түсіндіру жолында ижма (ғалымдардың бірауыздан келісімі) және қияс (ұқсасына қарай үкім шығару) қолданылған. Дегенмен, уақыт өте келе мұсылман қоғамында Құран мен сүннеттен дәлелсіз жаңа сенімдер мен ғибадат түрлерін енгізу әрекеттері пайда болды. Исламда мұндай негізсіз жаңалықтар «бидғат» деп аталады.

Ханафи ғұламалары бидғатты түсіндіруде өте әділ әрі теңгерімді көзқарас ұстанған. Олар шариғатқа қайшы және пайдалы болып бөлетін бидғат түрлерін анықтап, мұсылмандардың өмірінде дін мен мәдениетті үйлестіруге мүмкіндік берген.

Бидғаттың тілдік тұрғыдағы мағынасы: «Бидғат» (بدعة) – араб тілінде бұрын болмаған жаңа нәрсе болса, шариғи мағынасы – Имам әл-Байдауи (Алла ол кісіні рақымына алсын) тәпсір кітабында былай дейді: «Дінде Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кейін пайда болған, Құран, Сүннет, Ижма немесе Қиястан дәлелі жоқ нәрсе – бидғат».

Алла Тағала Құранда бидғаттың қауіптілігі туралы: «...Бүгін діндеріңді кемеліне жеткіздім, сендерге берген нығметімді тәмамдадым, әрі дін ретінде Исламды разы көрдім» («Мәида» сүресі, 3-аят) деп ескертеді. Бұл аяттан түсінетініміз – дін толық әрі кемел. Оған жаңа діни негіздерді қосу – Алланың дінін толық емес деп санаумен тең болады. Сондай-ақ, «Әли

Имран» сүресінің 85-аятында: «Кім Исламнан өзге дінді іздесе, ол әсте қабыл етілмейді» деп, шариғаттан тыс жол ұстану бекер екені анық айтылады.

Хадистерде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім біздің бұл ісімізде (дінімізде) жоқ нәрсені енгізсе, ол қайтарылады» деп айтқан (Бұхари, Мұслим). Тағы бір риуаятта: «Әрбір бидғат – адасу» (Нәсаи, Ибн Мәжа) делінген. Ханафи ғұламалары бұл хадистерді «дінде пайда болып, шариғатқа қайшы келетін әрбір жаңалық – адасу» деп түсіндіреді, бірақ өмірлік тұрмыста, шариғатқа қарсы келмейтін және пайдалы жаңалықтарды бидғатқа қоспайды.

Әбу Ханифа мәзһабы бойынша бидғат түрлері

Имам әл-Халаби, Ибн Абидин және Имам ән-Нәуәуи бидғатты бес түрге бөлген:

Уәжіп бидғат – Құран мен сүннетті сақтау үшін жасалған жаңа амалдар (мысалы, Құранды кітап етіп

жинақтау, тәжуид қағидаларын енгізу секілді).

Мұстахаб (құпталған) бидғат – дінді насихаттауға көмектесетін игі жаңалықтар (мешітке микрофон қою, діни кітап басу секілді).

Мұбах (рұқсат етілген) бидғат – дінге әсер етпейтін тұрмыстық жаңалықтар (көлік, тұрмыстық техника).

Мәкруһ (ұнамсыз) бидғат – дінде негізі жоқ, бірақ ауыр күнәға апармайтын амалдар (Азан шақырғанда не Құран оқығанда әуеннің ырғағына салу сынды).

Харам (тыйым салынған) бидғат – шариғатқа қарсы, адасушылыққа апаратын жаңалықтар (Құран аяттарының мағынасын бұрмалау, жаңа діни сенім шығару).

Қазақ дәстүрі мен бидғат мәселесі

Ханафи ғұламаларының бұл теңгерімді көзқарасы қазақ халқының исламдануында маңызды рөл атқарды. Қазақтар Ислам қағидаларын берік ұстанумен қатар, ұлттық дәстүрлерін де сақтады. Мысалы:

– Ас беру – негізінде марқұмға Құран бағыштап, садақа тарату ниетімен жасалса, бұл – дінде негізі бар садақа беру амалына жатады. Себебі, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Абдулла ибн Сәләм (Алла оған разы болсын) жеткізген хадисте былай дейді: «Алла елшісінің (оған Алланың салауаты

мен сәлемі болсын) былай дегенін естідім: **«Уа, адамдар! Сәлемді көп таратыңдар, тамақ беріңдер** (аштарға, мұқтаждарға, қонақтарға), **туыстық қатынасты жалғастырыңдар және адамдар ұйықтап жатқанда түнде намаз оқыңдар. Сонда амандықпен** (бейбіт түрде) **жәннатқа кіресіңдер»** (Термизи, Сунан, №2485; Ибн Мәжа, Сунан, №3251;) - Бата беру – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дұға жасау сүннетіне сай келеді. - Той, шілдехана – шариғатқа қайшы іс-әрекет болмаған жағдайда мұбах амалға жатады. Осылайша, қазақ дәстүрлерінің негізі шариғатқа қайшы емес, керісінше, Ислам құндылықтарын күшейтетін құралға айналды.

Исламдағы бидғат ұғымы – әрбір мұсылман үшін маңызды тақырып. Ханафи мәзһабы бұл мәселеде шариғатқа қайшы келмейтін, халыққа пайдасы бар жаңалықтарды қолдап, қоғамның мәдени дамуына жол ашты. Дәл осы себепті Ханафи мәзһабы ұзақ жылдар бойына ислам өркениетінің негізгі діни мектебі болып келуде. Қазақ халқы осы тәсілмен Ислам мен ұлттық дәстүрді үйлестіріп, ғасырлар бойы рухани бірегейлігін сақтап қалды.

Жарбол БОЛАТҰЛЫ

ИСЛАМ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ

Экстремизм – қоғамдағы кез келген салада шектен шығуға қатысты пайда болған ұғым. Алайда экстремизм ұғымына асыл дініміз Исламды ілестіріп, оны тіпті терроризммен байланыстырып қойғаны өкінішті. Бұл әрине, ең әуелі кеудесінде Құдайға деген сенімі, адамдарға, қоғамға, өлі және тірі табиғатқа мейірім сезімі қалыптасқан исі мұсылман баласының өзегін өртейді.

Лаңкестік әрекеттер бола қалған жағдайда оны да бірден мұсылмандар жасаған етіп көрсететіні тағы да жанды жейді. 2001 жылғы Нью-Йорктегі терактіден кейінгі әлемнің мұсылмандарға деген көзқарасын бейнелейтін әйгілі көркем фильмде мұсылман образындағы бас кейіпкердің: «Менің атым – Хан. Мен – террорист емеспін», – деп ұрандайтын сәті бар. Сол секілді дінге деген жанашырлығы бар адамдардың, қоғамның шама келгенше Исламның экстремизмге қарсы екенін білдіріп жатқаны көңіл қуантады. Десе де, тұтас әлемнің бұл мәселеде әлі беті бері қарай қойған жоқ. Яғни, әлі күнге мұсылман десе, құбыжық көргендей күй кешетін адамдар бар.

Шектен шығушылардың қателігі әрі мұсылмандарға тиіп отырған кесірі – дін атын жамылуы. Ғылым игеру мен білім алу, тұлғалық даму мен отбасылық қарым-қатынастағы кейбір шектеулер, өнер мен мәдениет, әр елдің өзіне тән салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ман-сұқтау – ең әуелі осындай «әсіредіншілдердің» ісі. Олар ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «үрейлендірмеңдер, сүйіншілендер», «ауырлатпаңдар, жеңілдетіңдер» деген қағидасын ысырып қойып, орта жолды ұстану дегенді тіпті ойына да алмай, шектен шығады. Ал дінімізде шектен шығуға тыйым салынған. Құран Кәрімдегі «Осылайша сендерді орташа үммет еттік» аяты мен хадистерде келген «орта жолды ұстану» қағидасы экстремизмнің Исламнан әлдеқайда алыс екенін көрсетеді. Екіншіден, Ислам діні – ақылмен қабылдап, парасатпен ұстанатын дін. Оны күшпен қабылдау немесе қабылдату дұрыс емес. Өйткені, Құрандағы ең ұлы аят «Аятул-Курсиден» кейінгі «Бақара» сүресінің 256-аятында Алла Тағала: «Дінде зорлық жоқ»

деп бұл мәселенің де нүктесін қойған.

Үшіншіден, Ислам – адам баласын жақсылыққа шақырып, мейірімге, сабыр мен ізгілікке үндейтін, бейбітшілік пен әділеттің туын желбіреткен дін. Теріс пиғылды топтар атауы да, заты да тыныштықты, бейбіт өмір мен келісімді насихаттайтын Алла Тағаланың ақ жолын бүркемелеп қана қоймай, зорлық-зомбылық пен қатыгездікке барып жүр. Өздерін «нағыз мұсылман» деп атағанымен, шын мәнінде, Ислам ұстанымына мүлдем қарсы әрекет етіп отыр. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі өмір жолында тек бейбіт насихатты таңдап, надандықпен дұшпандық емес, көркем мінез арқылы күрескен. Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тіпті өзіне зұлымдық жасап, шектен шыққан жақындары мен басқа да адамдарды кешіріп, бір өсиетінде: «Мұсылман – тілі мен қолынан басқа мұсылмандар зиян шекпейтін адам» (Бұхари, Мүслім) – деп шынайы мұсылманның бейбітсүйгіш бейнесін сипаттап берді.

Төртіншіден, экстремизм салдарынан жазықсыз жандар жапа шегеді. Елімізде және алыс-жақын шетелдерде болған лаңкестік әрекеттердің басында экстремистік топтар мен радикалды көзқарастағы адамдар тұрғаны анық. Өзінің ұстанымын ғана дұрыс, басқалардыкіні бұрыс деп санайтын радикалдардың түбінде кісі өлтіруге дейін бару ықтималдығы жоғары. Құран мен сүннетті ұстанам десе де «Кім де кім жазықсыз бір адамды өлтірсе, бүкіл адамды өлтіргенмен тең» деген аятты естен шығарады. Адамды өлтіруді тек жанын алу, тіршілігін тоқтатумен өлшенбейді. Жоғарыда айтылғандай білім алу, тұлғалық даму, отбасылық және қоғамдық қатынаста шектеліп, әбден оқшауланған адамның қайтыс болған адамнан

айырмасы болмайды. Адам біреудің айтқанымен жүретін, дегеніне көнетін хайуан немесе басқа да тіршілік иесі емес. Әрбір ересек адамның өзіндік көзқарасы, өмірлік ұстанымы болады. Барлық адам балиғатқа тола сала мұсылмандық парызын өтемеуі мүмкін, бірақ та уақыт өте келе ақылы иманға, иманы ғибадатқа жетелері сөзсіз.

Адамда экстремистік көзқараста болуының себебі ретінде дінді үстірт түсіну, білімнің жетіспеушілігі мен шетелдік ағымдардың ықпалын айта аламыз. Ал оған тосқауыл қоюдың бірден-бір жолы – жастарға дәстүрлі діни білім беру тетіктерін көбейту әрі дамыту. Еліміздегі діни тұрақтылықтың тірегі саналатын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының негізгі ұстанымы да – осы. Имам-ұстаздарымыз да Исламның бейбітшілік діні, экстремизмнің діннен ауытқу және адасудан сақтанудың төте жолы – дұрыс діни білім алу екенін ұдайы насихаттап келеді. Дәстүрлі Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебі – қазақ халқының діни болмысына ең жақын, байыпты жол. Оны тек ҚМДБ-ға қарасты мешіт-

медреселердің имам-ұстаздарынан үйреніп, діни сауатын ресми оқу орындарында ашқан жөн. Сонда ғана қоғам бейбіт түрде радикалдардан тазарады.

Қорыта айтқанда, экстремизм – Ислам жолы емес. Ондай көзқарастағы адам өзін қанша жерден мұсылман десе де, исламнан алыстаған болып есептеледі. Ғасырлар бойы байсалды дінді, парасатты жолды ұстанып келе жатқан еліміз үшін экстремизм, радикалды көзқарастағы адамдардың қоғамда өмір сүруі кімді болмасын алаңдатпай қоймасы белгілі. Екінші жағынан, бірдің кесірі мыңға тиіп, шектен шыққан «діншілдердің» кесірінен асыл дініміз Исламға, оны ұстанушы мұсылман жамағатына сөз келіп жатқаны да өкінішті. Олар мешітке еркін кіріп-шығып жүргендіктен былайғы жұрт кімнің қандай жолда екенін аңғармауы да мүмкін. Тек ұрандап болсын, ақырындап болсын, айтқымыз келетіні – Исламда экстремизм жоқ, ал экстремизмде Ислам жоқ!..

Ермұрат ШОПАН





ӘМИН ДҰҒАСЫ НЕГЕ ЖАРИЯ АЙТЫЛАДЫ?

«Фатиха» сүресін оқып болғаннан кейін «әмин» деу – сүннет, міндет (уәжіп) емес. «Әмин» сөзі – «дұғамызды, тілегімізді қабыл ал!» деген мағынаны білдіретін дұға.

Әминді іштей айту немесе жария айту мәселесі – бүгінде мұсылмандар арасында жиі талқыланып жүрген тақырыптардың бірі. Өйткені әминді іштей айту немесе жария айту мәселесі мәзһаб ғұламаларының арасында тартысты мәселе. Оған себеп «Фатиха» сүресінен кейін «әмин» сөзіне байланысты Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен хадистерді әр мәзһаб ғұламалары әртүрлі түсіндірген.

Шафиғи және Ханбали мәзһабтары – «әмин» сөзін жария (дауыстап) айту сүннет деп есептейді. Олар Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жария түрде айтқан хадистерін негіз етеді. Мысалы, Ибн Мәжәдан (№853) келген риуаятта: **«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «ғайрил-мағдуби алайһум уәладдаллин» деген кезде «әмин» деген. Тіпті оны алдыңғы сапта тұрғандар естіді»,** – деген.

Басқа риуаятта: **«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Умму әл-Қуранды оқып болғаннан кейін, даусын көтеріп, «әмин» деді»,** – деген. Осы және басқа да хадистерге сүйене отырып, бұл екі мәзһаб ғалымдары «әмин» сөзін имам да, жамағат та дауыстап айтуы сүннет деген тұжырымға келген.

Ханафи және Мәлики мәзһабтары – «әминді» іштей айту керек деп есептейді. Бұл мәзһабтар да Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерін негізге алып, жоғарыда келтірген

Шафиғи және Ханбали мәзһабтарының дәлелдерін басқа қырынан түсіндіреді. Уайл Ибн Хужр (оған Алла разы болсын) былай дейді: **«Мен Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) намаз оқыдым. «Ғайрил-мағдуби алайһум уәладдаллин» деген кезде «әмин» деді әрі оны даусын шығармай айтты»,** – деген.

Ибн Масғуд (оған Алла разы болсын): **«Имам төрт нәрсені жасырын айтады. Соның бірі намазда «әмин» деп айту»,** – деген.

Сонымен қатар, әмин сөзі жоғарыда айтқанымыздай дұға. Ал дұғаның іштей айтылғаны сүннетке сай болады. Алла Тағала Құранда: **«Раббыларыңа жалбарынышты һәм жасырын күйде дұға қылыңдар. Расында, Ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді!»** – деген («Ағраф» сүресі, 55-аят).

Олар, сонымен бірге, «әмин» сияқты күнделікті шариғи амалдар ахад (жекелеген) риуаяттарға емес, мутауатир риуаяттармен бекітілуі тиіс деп есептейді. Егер жария айту нақты бекітілген сүннет болғанда, ол барша сахабалар арқылы кең таралған амал болар еді деген көзқарасты ұстанады.

Шындығында, жоғарыда айтылған мәселелер бойынша мәзһаб ғалымдарының дәлелдері көп, біз бұл жерде сөз созылып кетпеуі үшін олардың тек кейбірін келтіріп өтуді жөн көрдік.

Қорыта айтқанда, намазда «Фатиха» сүресінен кейін әминді айту – сүннет амал болса, ел ішінде бірлік пен ынтымақты сақтау – парыз. Алла Тағала барша-мызды тура жолға бастасын әрі келіспеушіліктерден, өзгелерге тіл тигізіп, бүлік тудырудан аулақ қылсын!



НАМАЗДА ТҰРҒАН КЕЗДЕ АЯҚТАРДЫҢ АРАСЫ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Намаздағы сүннет амалдардың бірі – қиямда (тік тұрғанда) екі аяқтың арасы тым жақын да, тым алшақ та болмауы керек. Тек қана үзірмен, мысалы толық, ірі денелі болса аяғының арасын өзіне ыңғайлы етіп кеңірек қоюына рұқсат. Намазда аяқтардың арасындағы өлшемге қатысты мәзһабтар арасында айырмашылықтар бар.

Ханафи мәзһабында аяқтардың арасы төрт саусақ мөлшерінде болуы керек. Егер осыдан артық немесе кем болса, мұндай амал – мәкруһ (жақсы емес, ұнамсыз) деп есептеледі.

Шафиғи мәзһабында аяқтардың арасы бір қарыс мөлшерінде болуы керек. Бұл мөлшерден асып кету немесе тым жақын қою да мәкруһ амалға жатады.

Мәлики мәзһабында аяқтарды ажыратып тұру – мұстахап амал, сүннет емес дейді. Оларда тым жақын да емес, тым алшақ та емес, әдет-ғұрыпқа, қоғамға оғаш көрінбейтін қалып ұсынылады.

Ханбали мәзһабы да мәликилермен бұл мөлшерге келіседі. Тек олар «мұстахап» немесе «сүннет» деп бөліп айтпаған.

Ибн Абидин: «Екі аяқтың арасы қол саусақтары-


ның төртеуі шамасында болуы – хұшұқа (ынта-ықыласқа) жақынырақ», – деген. Ал аяқтарды шектен тыс жақын немесе шектен тыс кең ашу – хушұқа қайшы болады. Сондай-ақ, аяқтарды бір-бірінен тым алшақ қою жанында тұрған адамдарға ыңғайсыздық тудырады әрі намазда тұрған жамағаттың біркелкі сап түзеп тұруына кедергі жасап, арасында бос орындардың қалуына себеп болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Өзіне де, өзгеге де зиян тигізуге болмайды»**, –деп, өзгеге қолайсыздық тудыратын амалдардан сақтануға шақырған (Ахмад, №2867).

Қорыта айтқанда, қиямда аяқтардың арасын шамамен төрт саусақ (ханафиларда) көлемінде ұстау – намазда хұшұқты сақтаудың бір түрі. Бұл амал сүннет болғандықтан, оны орындаған адам сауап алады. Алайда адам мысалы, дене бітіміне қарай, т.с.с. қажет жағдайда кеңірек немесе жақынырақ тұруға мәжбүр болса, бұған рұқсат етіледі.

Дайындаған Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

ИСРАИЛ САПАРБАЙ

(1941-2025)



Біре айдан бұрын лирикалық һәм рухты жырларымен танылған белгілі қазақ ақыны Исраил Сапарбай дүниеден өтті. Көпшілік оның ғашықтық, махаббат жайлы өлеңдерін жақсы білгенімен, «Иман» журналының алғашқы редакторы болғанын біле бермейді.

Иә, расымен поэзияның тарланы, драматургияның майталманы Исраил Сапарбай Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төл басылымы 2002 жылы алғаш рет жарық көрген кезде бас редактор болған. Лирик ақын бірде «Қазақтың қара баласын» рухты жырымен қамшыласа, нәзік өлеңі арқылы қазақ қыздарының сұлулықтан бөлек батылдығы мен төзімділігіне, ержүректігіне қайран қалады. Оның Желтоқсан көтерілісіне қатысып, тірі қалған жастардың егемендік алған тұстағы өмірін суреттейтін «Қыз мұңы» пьесасы Алматыдағы қазақ өнерінің қарашаңырағы Мұхтар Әуезов атындағы ұлттық театр сахнасында әлі күнге

көрерменмен қауышып келеді. Шәмшімен сырласып мұңдасқан «Сыған серенадасы» да – көптің көңілінен шыққан үздік мюзикл жанрындағы спектакльдердің бірі.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, арамыздан ақынның өзі кеткенімен қазақ руханиятына қосқан өлшеусіз мұрасы халқымызбен бірге жасай бермек.

«Иман» журналының ұжымы ақын Исраил Сапарбайдың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғырып көңіл айтады. Марқұмның алды пейіш, соңы кеніш, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай. Әмин!



IMAN

ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
ресми журналы

Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҢҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Жәнділлә БЕКЖІПТОВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жолдас БЕРДІМУРАТОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Ерболат ЖҮСІПОВ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Қуаныш СӘБИТ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ

Діни сарапшылар

Рәтбек қажы НЫСАНБАЙҰЛЫ
Серікбай қажы ОРАЗ
Мұқан ИСАХАН

Директор-бас редактор

Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шариғи редактор

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор

Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Иман» журналының редакциясы

Почта: iman@muftiyat.kz

Телефон: +7 (7172) 999866

Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат
министрілігінде тіркеліп,
№3176 ж. куәлігі берілген

«Иман» журналы редакциясының
компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 200

Тапсырыс: №254

«Жедел басу» баспаханасы,
Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а

Журналда жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі
мен Құран аяттары жазылғандықтан,
журналды аяқасты етпеулеріңізді
сұраймыз.